




ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ
СӨЙЛЕСТІ



СЕНІМДІ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Ресей Президенти мен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді Президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы Ресей Президентінің стратегиялық бағдары жалпыхалықтық қолдауға ие болғанын атап өтті.

Тараптар стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келе жатқан екіжақты ынтымақтастық барысын талқылады. Мемлекеттер басшылары өзара тығыз ықпалдастықты жалғастыруға келісті.

ПРЕЗИДЕНТ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің креативті индустрия өкілдерімен кездесті. Президентке музыка, әлеуметтік желі, киноиндустрия, жасанды интеллект және киберспорт салаларында табысқа жеткен отандық жобалар таныстырылды.

ҚАЗАҚША КОНТЕНТТІ ТАЛАП ЕТУ – ҰЯТ ЕМЕС

«Менің елім – менің тілім» жобасының алаңында тіл мәселесі талқыланды. Жастармен болған ерекше отырысты «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған. Кездесуде «Сөйле» спикинг клубы мүшелерінің еркін ойлары ортаға салынды.

3 ►►



ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ҚАЙТСЕ ЕҢСЕ ТІКТЕЙДІ?

Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарында жұмыс істейтін ғалымдарға жалақысы мен үстемеақысына ай сайын 185 мың теңгедей қосымша ақы төленбек. Және бұл сома жыл сайын өсіп отырады. Мұның сыртында оларға әрбір бес жылда тұтас 1 жылға созылатын, ақысы төленетін шығармашылық демалыс беріледі. Ғалымдар оны мысалы, кітап жазуға арнай алады. Ел Парламенті егде тартқан ғалымдарды қолдау және ғылымды жастарға қызықты ету үшін жаңа тетіктерді заңдастырып жатыр.



Ұлттық статистика бюросының ақпаратынша, 2023–2024 оқу жылында Қазақстанда 112 ғылым ордасы жұмыс істейді. Оның 77-сі – университет: ішінде үшеуі «зерттеу» мәртебесін алды (ұлттық зерттеу университеті). Сондай-ақ 14 академия, 10 ғылыми институт пен оларға теңестірілген жоғары мектептер, консерваториялар бар.

Меншік түріне қарай бөлсек, осы ғылыми ұйымдардың басым көпшілігі немесе 59,8 пайызы – мемлекеттік. 39,3 пайызы – жекеменшік. 0,9%-ы шетелдік, көпшілігінде – ресейлік.

Ағымдағы оқу жылында республиканың осы жоғары білім беру ұйымдарында 37 391 оқытушы жұмыс істеп жатыр. Оның ішінде басым көпшілігі –

40,1%-ы немесе 14 982 адам «магистр» академиялық дәрежесін алған. 28,1%-ы немесе 10 504 адам – өз саласы бойынша «ғылым кандидаты» ғылыми дәрежесіне ие. 27,8%-ы немесе 4 168 адам – доктор (PhD).

Сарапшылар бұрынғы Білім және ғылым министрінің жоғары оқу орындарын жаппай жабумен шектен тыс елігіп кеткенін сынап жүрді. Салдарынан соңғы 5 жылда жоғары білім беретін ұйымдар саны өсу орнына 9,6%-ға құлдыраған. Осы кезеңде Ұлттық статбюро дерегіне, студенттер саны қайта 9,3%-ға артқан.

(Жалғасы 5-бетте)

ШӘКЕННЕН ҚАЛҒАН БІР СЫР БАР

Белгілі режиссер Шәкен Аймановтың есімін естіген сәтте көз алдымызға бірден қазақ киноиндустриясының көрінісі елестейді. Олай деуге негіз бар. Қазақтан шыққан тұңғыш режиссер ғұмырын экран артындағы шығармашылық қарбаласқа арнап, көрерменнің патша көңілінен орын алған тың туындылардың дүниеге келуіне ықпал етті. Бүгінде Алматы қаласында орналасқан «Қазақфильм» киностудиясына әйгілі режиссердің есімі берілген. Киностудия аумағында Шәкен Айманов атындағы қазақ киносының мұражайы жұмыс істейді. Біз режиссердің күні бүгінге дейін жеткен жәдігерлерін көру мақсатында «Қазақфильмге» арнайы ат басын бұрған едік.


6 ►►



АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ ЖАҚСАРАДЫ

Биыл ауылдық жерлерде тұратын халыққа 556 медициналық нысан пайдалануға беріледі. Бұл ауыл тұрғындарын шұғыл медициналық көмекпен қамтып, дәрігер тапшылығы мәселесін шешуге тиіс. «Біз Президенттің ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларының уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Тұрғындар нақты өзгерістерді көруі қажет», – деп атап көрсетті Премьер-Министр Олжас Бектенов 18 наурыздағы Үкімет отырысында.

4 ►►





ПАЛАТА ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕКІДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен палата бюросының отырысында депутаттар алдағы іс-шараларды талқылады және 28 наурыз күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Сенаторлар осы аптада елдің ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін дамыту мәселелері бойынша бірқатар кездесулер өткізбек. Сондай-ақ кейбір заңдардың іске асырылу барысын талқылап, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Павлодар облысында өңірлердің бюджеттік дербестігіне арналған көшпелі отырыс ұйымдастыру көзделіп отыр. Сенат Төрағасы өз сөзінде аталған іс-шаралардың маңызды бағыттарына назар аударды.

Палатаның алдағы отырысында депутаттар «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды. Құжат техникалық реттеу, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар, тұтынушылардың

құқықтарын қорғау, тарифтік емес реттеу және мемлекеттік сатып алу мәселелеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың қолданыстағы құқықтық негізінде кездесетін олқылықтарды жоюға бағытталған.

Сонымен қатар Сенат отырысында «2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң да қаралады. Заң екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуды, тараптар азаматтарының сапарларын реттеуді, сондай-ақ бір мемлекет азаматтарының екінші мемлекеттің аумағында болуы үшін қолайлы жағдайлар жасайтын құқықтық негіз құруды мақсат тұтады.

ҚАЗАҚСТАНДА БЕНЗИН ҚЫМБАТТАЙ МА?

Өткен апта Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарына (МӨЗ) дрондар соққы жасады. 12 наурыз күні дрон шабуылынан Нижегород МӨЗ-нан өрт шықты, келесі күні ұшқышсыз ұшу аппараты Рязандағы және Новошахтинскідегі мұнай зауыттарына және Самардағы екі зауытқа соғылды. Bloomberg агенттігі соққыға ұшыраған бұл кәсіпорындарда өңдеу көлемінің жиынтығы 12%-ға тең екенін жазды. Көрші елдегі бұл жағдай Қазақстан нарығына әсер етуі мүмкін бе? Бізді алаңдататын мәселе осы. Өйткені теріскейдегі көршімен алыс-берісіміз аз емес. Ал көктемгі егіс науқаны жақындап қалды. Жанар-жағармайға сұраныс артады.

Айта кетейік, Ресейде мұнай өңдейтін кәсіпорыны саны жеткілікті. Жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан ірілі-ұсақты зауыттардың есебіне келсек, РФ Энергетика министрлігінің 2023 жылғы 1 ақпандағы дерегіне, елде 86 МӨЗ бар. Дегенмен РФ Энергетика министрлігі бұл шабуылдардан айтарлықтай зиян келмегенін, қажетті отын қоры жеткілікті екенін мәлімдеді. Дизель отынының өндірісі ішкі нарық сұранысынан 2 есе артық.

Бірақ көрші елдегі жағдай экспорттаушылар үшін ресейлік бензин бағасының көтерілуіне алып келді. «Настоящее время» телеарнасына берген сұхбатында мұнайгаз саласының сарапшысы Михаил Крутихин қазір Мәскеу мұнай өңдеу зауытынан Аи-92 бензинінің 1 тоннасын шетелге шығару құны 43 мың рубль (\$470) болғанын мәлімдеді. «Егер ол Ресейдің ішкі нарығында сатылса, тоннасы 29 мың рубль (\$317). Сондықтан мұнай компаниялары шетелге мүмкіндігінше көп бензин сатуға тырысады», — дейді ол.

Ішкі нарықта қажеттілік өсіп кетпеуі үшін Ресей үкіметі бензинді сыртқа шығарып сатуға уақытша шектеу енгізді. «Ведомости» басшылығы аталған тыйым жарты жылға дейін созылады деп жазды. Мұнай өнімдерін көп өндіретін көршінің басындағы жағдайдың біздің елге салқыны қандай болмақ? Жанар-жағармай бағасы қымбаттауы мүмкін бе?

Еліміздің Энергетика министрілігі AIQYN-ға жолдаған жауабында ішкі нарықта мұнай өнімдерінің қоры жеткілікті, жағдай тұрақты екенін мәлімдеді. «Қазіргі уақытта МӨЗ, мұнай базалары мен жолдардағы дизель отынының жиынтық қорлары 657 мың тоннаны құрайды. Бұл елдің қажеттілігін 2 айға дейін қамтамасыз етеді. Аи-92 маркалы бензиннің жиынтық қорлары 454 мың тоннаны құрайды, бұл елдің қажеттілігін 1,5 айға қамтамасыз етеді», — деп жазылған жауап хатта. Сондай-ақ ресми жауапта жанар-жағармай нарығындағы



теңгеге шекті бағаны белгілеуді көздейтіні жазылған.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының сайтындағы мәліметке сүйенсек, былтыр Атырау мұнай өңдеу зауыты — 5 475 тонна, Павлодар мұнай-химия зауыты — 5 434 тонна және Шымкент мұнай өңдеу зауыты 2 870 тонна мұнай өңдеген.

Мұнай-газ саласының сарапшысы Олжас Байділдинов 16 наурыз күні өзінің «Байдилин. Нефть» телеграм-арнасында «Мен ресейлік бұқаралық ақпарат құралдары мен телеграм арналарында талқылау мен пікір алмасуларға қатыстым. Ондай талқылауларда Отан соғысы кезіндегідей МӨЗ-ын Қиыр Шығысқа, тіпті Қазақстанға көшіру туралы да ерекше ұсыныстар айтылады. Шындығында, кез келген МӨЗ өте оңай нысанаға айналуы мүмкін, тіпті резервуарлар мен қондырғылардың арасына түссе мұнай өнімдерінің ағып кетуі, жарылып, алапат өрт шығу қаупі бар», — деп жазды.

Сарапшының сөзінше, дрондардың шабуылы қанша уақытқа созылатынын және оның салдары қандай боларын өзінге болжау қиын. «Өкінішке қарай, мұндай шабуылдар жалғаса берсе, отын тапшылығы мен бағаның өсуі Қазақстандағы

әсер етуі мүмкін. Ресей Федерациясындағы көтерме бағалар осы аптада аздап өсті — 2%. Ал жылына 1-1,5 млн тонна өнім өндейтін қазақстандық шағын (жазғы, маусымаралық) — литріне 450 (295) теңгеге, АИ 92 маркалы бензинге — литріне 205

әсер етуі мүмкін. Ресей Федерациясындағы көтерме бағалар осы аптада аздап өсті — 2%. Ал жылына 1-1,5 млн тонна өнім өндейтін қазақстандық шағын (жазғы, маусымаралық) — литріне 450 (295) теңгеге, АИ 92 маркалы бензинге — литріне 205 әсер етуі мүмкін. Ресей Федерациясындағы көтерме бағалар осы аптада аздап өсті — 2%. Ал жылына 1-1,5 млн тонна өнім өндейтін қазақстандық шағын (жазғы, маусымаралық) — литріне 450 (295) теңгеге, АИ 92 маркалы бензинге — литріне 205

Еуро/К-4-5 класты отын шығару үшін жаңғырту жоспарын талап етеді. Сол кезде барып шағын МӨЗ елге отын тапшылығы мәселесін шешуге көмектесе алады. Ниет жақсы, бірақ ол нарықты ырықтандырусыз және Қазақстанда отын бағасының өсуінсіз мүмкін емес», — дейді О. Байділдинов.

Ал сарапшы, Energy Monitor қоғамдық қорының директоры Нұрлан Жұмағұловтың пікірінше, Ресейде мұнай өңдеу зауыттарына шабуыл жасалғанымен, олар жұмысын тоқтатқан жоқ. «Біз де жыл сайын маусым кезінде бензин мен дизель отынының бағасы көтеріледі. Оған Ресейдегі жағдайдың қатысы аз. Жыл сайын Ресейден Аи-98 маркалы бензинінің белгілі бір көлемін аламыз. Одан бөлек, авиакеросин мен дизель отынын сатып аламыз. Былтыр 850 тонна дизель отынын импорттадық, биылғы көлем — 450 мың тонна. Екі ел арасында индикативті баланс бар», — дейді ол.

Қазақстан Үкіметі де мұнай өнімдерін автокөлікпен сыртқа шығаруға шектеу шарасын қолданады. Энергетика министрлігі экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін бірқатар ұсыныстар әзірлеп отырғанын жеткізді.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

АДАМ САУДАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру үшін әзірленген «Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» үкіметтік заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Осы заңға ілеспе заң жобалары «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне, сондай-ақ «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заңға түзетулер енгізілетін болады.

Атап айтқанда, Қылмыстық кодекс шеңберінде адам саудасының анықтамасы кеңейтіліп, көмектеске толғағандардың жыныстық қызметтерін пайдалану қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістермен медициналық ұйымдар мен ұйымдардың лауазымды адамдарының жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа туған нәрестені тастап кету фактісі туралы хабарламағаны үшін жауапкершілік көзделді.

Алдағы жалпы отырыста депутаттар әзірлеген кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту

және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері туралы заң жобасы енгізіледі. Ол азаматтардың борыштық жүктемесін төмендету үшін жағдай жасауға және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға бағытталған. Заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында Үкімет депутаттардың түзетулерін қолдады.

Оның ішінде банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті көлемін айқындау, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғаның банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша құқықтарды коллекторлық агенттікке (талаптарға) беруге 2026 жылға дейін мораторий енгізу, банк омбудсманна тек банктік несиелер бойынша дауларды қарау жөніндегі өкілеттіктерді бекіту және микроқаржы омбудсман институтын енгізу.

Сонымен қатар Мәжілістің күн тәртібінде 1993 жылғы 14 қаңтардағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Қытаймен жасалған шартқа, сондай-ақ денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі заң жобасына Сенаттың түзетулеріне өзгерістер енгізілген хаттаманы ратификациялау туралы заң жобалары бар.

ҚАШАҒАН МЕН ҚАРАШЫҒАНАҚТА ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов «Шелл плс» концернінің атқарушы вице-президенті Питер Костелломен кездесті. Үкіметтің баспасөз қызметінің хабарлауынша, онда мұнай-газ саласындағы бірлескен жобалардың іске асырылу ба-рысы қаралды.

Қарашығанақты кеңейту жобасы бойынша мұнай мен конденсат өндіруді жылына кемінде 11 млн тонна деңгейінде ұстап тұру — басым міндеттердің бірі. Осы мақсатта тараптар ішкі газды кері айдауды қосымша компрессорларын уақытты іске қосуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар жобаның толыққанды қызметін қамтамасыз ету мақсатында акционерлердің есебінен Қарашығанақтағы қуаты жылына 4 млрд текше метр газ өңдеу зауытын салу мәселесі қарастырылуда.

Қашаған кен орнының тұрақты жұмысына да ерекше назар аударылды. Былтыр мұнай өндіру — 18,77 млн тонна, газ өндіру — 11,86 млрд м³, газды қабатқа кері айдау 5,83 млрд м³-



ді құрады. Кен орнын толық игеру үшін Қашағанда газ өңдеу зауытын салу мәселесі пысықтау сатысында тұр.

Қазақстан Үкіметінің басшысы жобаларды іске асыру шеңберінде, оның ішінде ел аумағында жоқ өндірістерді окшаулау арқылы қазақстандық қамтуды арттырудың басымдығын атап өтті.

«Бүгінде жоба операторларының жұмысындағы жергілікті қамту үлесі қолайлы деңгейде, ал тауарларды сатып алуға жергілікті қамту үлесі

әлі де өте төмен. Бұл өнім шығаруға мүдделі жергілікті өндірушілермен тығыз қарым-қатынасты қажет етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Кездесу қорытындысы бойынша, қатысушылар ұзақмерзімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту ниетін растады. Сондай-ақ талқылау нәтижесінде, жакын арада ішкі нарықта тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұлғайту мақсатында жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы қайта қаралатын болады.

ӨТКІЗУ БЕКЕТТЕРІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Биыл мемлекеттік шекарадағы 9 өткізу бекетін жаңғыртуға 15,4 млрд теңге бөлінді. Бұл туралы Көлік министрлігі мәлімдеді.

Ведомство ұсынған ақпаратқа сәйкес, еліміздің мемлекеттік шекарасында 52 өткізу пункті бар. Оның ішінде:


— ЕАЭО-ның Қытай Халық Республикасымен (5), Өзбекстанмен (8) және Түрікменстанмен (1) сыртқы шекарасындағы 14 өткізу пункті.

— ЕАЭО-ның ішкі шекарасында, Ресей Федерациясымен (30) және Қырғыз Республикасымен (8) 38 өткізу пункті.

Жалпы, ЕАЭО-ның сыртқы шекарасындағы өткізу пункттерін қайта құрумен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті айналысады.

Министрліктің атап өтуінше, транзиттік әлеуеттің ұлғаюына байланысты қолданыстағы өткізу пункттері адамдар мен көлік ағынын жылдам өткізе алмай отыр. Сондықтан пункттерде кептелістер орын алып жатады.

«Бұл мәселені шешу үшін мемлекеттік шекараның барлық периметрі бойынша өткізу пункттерін қайта құру жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылы бірінші кезектегі 9 өткізу пунктін реконструкциялауға шамамен 15,4 млрд теңге бөлінді. Жұмыстарды орындау және құнын айқындау жөніндегі жобалау құжаттамасының әзірленіп, бекітілуіне қарай республикалық бюджеттен қажетті сома қарастырылатын болады», — деп хабарлады министрлік.



ҚАЗАҚША КОНТЕНТТІ ТАЛАП ЕТУ – ҰЯТ ЕМЕС



«Менің елім – менің тілім» жобасының алаңында тіл мәселесі талқыланды. Жастармен болған ерекше отырысты «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған. Кездесуде «Сөйле» спикинг клубы мүшелерінің еркін ойлары ортаға салынды.

Тегін қазақша үйрету, сөйлету қаншалықты тиімді? Жастар қаншалықты ауызекі тілде диалект сөздерді қолданады? Ана тілдің мәртебесі, қазақша контентті дамытуда қандай жұмыстар атқарылуда? Аталған дүниелер түгел қамтылған ой-пікір ортаға салынған дискуссияға «Жастар Рухы» ЖК төрағасының міндетін атқарушы Акерке Искандерова, «Менің елім – менің тілім» жобасының амбассадоры, қоғам белсендісі, саяхатшы блогер Яков Федоров, саясаттанушы, публицист,

баспагер Бақытжан Бұқарбай, медиатренер Назгүл Қожабек, контентмейкер, Tuime подкастының бірлескен авторы Дастан Аккожа қатысты.

«Жастар Рухы» ЖК төрағасының міндетін атқарушы Акерке Искандерова «Менің елім – менің тілім» жобасы аясында 12 аймақта іске асып жатқан «Сөйле» спикинг клубтары жайлы біршама ақпаратпен бөлісті.

«Бұл жобамыз ұлттық код пен бірегейлікті қалыптастыру, отансүйгіштік қасиетін арттыруға басымдылық береді. Сол ниетіміздің арқасында бүгінде 12 аймақ бойынша (Астана, Алматы қалалары; Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, ШҚО, БКО, Қарағанды, Қостанай, СҚО, Павлодар облыстары) «Сөйле» тілдесу үйірмесінің тұрақты қатысушылар саны 2 000-ға жуық адамға жетті. Тіл үйренемін деген ниетпен келген 300-ге жуық қатысушымыз қазір жақсы деңгейге жетті. 1 жылдан астам

уақытта көрсеткен нәтиже де жаман емес», — деді А.Искандерова.

Қоғам белсендісі, саяхатшы блогер Яков Федоров қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қазақша үйренемін деген жастар үшін «Менің елім – менің тілім» жобасы таптырмас мүмкіндік болды дейді.

«Сөйле» клубтарының қатысушылары қазақша ойлау немесе сөйлеу бойынша деңгейлік айырмашылығы әртүрлі. Біреуі қазақша біліп тұрып, сөйлеуге қысылса, екіншісі білмесе де барынша ойын анық жеткізуге тырысады. Бастысы — қазақ тілінде сөйлеуден үйілмеу. Сондай-ақ тілді дамытамыз десек, бүкіл салада міндетті түрде қазақ тілі жоғары деңгейде қолданылуы керек деп санаймын. Тіл білу — ол үлкен жетістік емес, бірақ қазақ тілінде контент жасап, кітап шығару өте үлкен еңбек. Қазақ тілінің дамуы үшін еңбектеніп жүрген жандарға ағысымды білдіремін», — деді Я.Федоров.

Ал медиатренер Назгүл Қожабек калькасыз қазақ тілін қалыптастыру мен «тіл тазалығы» туралы сөз қозғады.

«Күнделікті қолданатын ауызекі немесе көркем әдебиетте тілдің тазалығын сақтап, бұрмалауымыз керек. Ана тіліміз тазалығымен, көркем сөздерімен, сөздік қорымен бай. Солардың қолданыс аясын кеңейтіп, ой-пікірімізді еркін жеткізуде барынша сак болуымыз керек», — деді ол.

Дискуссияда қазақ тілді контенттің маңызы жайында сөз сөйлеген контентмейкер Дастан Аккожа қазақ тілін әркім өмірде түрліше қолдануы да үлкен рөл атқарады дейді:

«Қазақ тілінің қолданыс аясы қазақ әдебиеті мен тарихы ғана емес, заманауи қолданыс болуы керек. Қоғамдық орындарда, күнделікті өмірде қазақша талап ету — бәріміздің жауапкершілігіміз. Қазақ тілінде сапалы контент, халықаралық стандартқа сай дүние өте көп. Ана тіліміз — баршамыз үшін ортақ. Әрбіріміз тілді талқылауға хақылымыз. Сол себептен

қазақша контентті одан әрі дамытып, тұтынуды жоғарылатқан сайын мәртебесі де көтерілмек», — деп өз ойын ортаға салды Дастан Аккожа.

Баспагер Бақытжан Бұқарбай: «Қазақ тіліндегі білімді брендке айналдыруда әлеуметтік желінің пайдасы көп. Жастар үшін ғылыми контент даярлап, толтыруға толықтай мүмкіндік бар. Қазіргі жастардың идеясы мен креативі арқасында келер ұрпақ ғылымға деген қызығушылығы артып, жаңалық ашатын болады», — деп айтып өтті.

Осылайша, Алматы қаласының рух-тастары ұйымдастырған кездесуде қазақ тілінің жанашырлары еркін пікір алмасты.

Айта кететін жайт, мемлекеттік тілді үйренгісі келетін кез келген адам «Жастар Рухы» ЖК ресми Instagram парақшаларына жазып, сондай-ақ @soile.kazakhstan парақшасына тіркеле алады немесе жай ғана үйірмеге қосылып, сабаққа қатысуына мүмкіндік алуға болады.

Берік БЕК



КОМАНДАЛЫҚ АЙТЫСТЫҢ КӨРІГІ ҚЫЗДЫ



Мемлекет басшысының ұсынысымен қабылданған Наурызnama онкүндігі аясында бүгін Түркістан қаласының «Конгресс холл» кәсіпкерлер кешенінде Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурыз мерекесіне орай «Төрлет, Наурыз, төріме!» тақырыбымен Түркістан және Жамбыл облыстары ақындарының қатысуымен республикалық командалық ақындар айтысы өтті.

«AMANAT» партиясының бас-тамасымен және Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен өткен дәстүрлі өнер додасын Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы, Түркістан облысының Мәдениет және туризм басқармасы бірлесіп ұйымдастырды. Өнер сайысын елімізге белгілі айтыскер ақын, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Дүйсенбайұлы Әлтай ашып, Түркістан жұртшылығын жыл басы мерекесімен құттықтады. Көктем Түркістаннан бастауын алатынын айта отырып, рухани төріміздің тарихи және мәдени орнын айрықша айшықтады. «Ата тарихымыздың алтын тамыры Түркістан төріне бес өнердің басын қосып, қазақ өнерін жәрменкесін өткізуге келіп отырмыз», — деді.

Кос өңірдің дүлдүлдеріне әкелі пейілін Түркістан облысының ақімі Дархан Амангелдіұлы жеткізіп, рухани астанамыздан бастау алатын Наурыз дұманды ежелден еншілес болып қоныс тепкен өңірлердің айтыс дәстүрімен жалғастырды ұсынғанын айтты.

Жыршылар сайысы бойынша бак сынаған Аязбек Рүстемов пен Бекарыс Қошбаевқа, күй тартыс көрсеткен Жандос Құлымбетов пен Дидар Басықараевқа, дәстүрлі ән орындаушылық шеберлігі бойынша

Мағжан Әлденбаев пен Мерей Әбуеваға, терме орындау бойынша Руслан Ақынбеков пен Маралбек Бабақұлга әрқайсысына 250 мың теңгенің сыйлығы тағайындалды.

Қазылар алқасының шешімімен сәл дүлдүлдері командалық айтыстың келесі айналымына жолдама алды. Жөнімпаз командаға келесі айналымға жолдама сертификатын Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев табыстады. «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев Жамбыл облысы ақындарының өнеріне алғысын білдіре отырып, Түркістанның қасиетіне балаңған Тайказан естелік сыйлығын тарту етті.

Партия бастамашыл болған республика өңірлері арасындағы топтық сайыстың бірінші кезеңі 20 команданың қатысуымен өтіп, олардың қорытындысымен үздік 10 команда анықталады. Екінші кезеңде 10 команданың ішінен 4 мықты команда үшінші кезеңге жолдама алады. Үшінші кезеңде анықталған 2 команда 2025 жылы Астана қаласында өтетін ақыл сайысқа қатысады. Байқау шарты бойынша айтысқа әр командадан төрт айтыс ақыны, бір термеші, бір жыршы, бір дәстүрлі әнші, бір күйші қатысады.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

ОҚУШЫҒА ОРАЗА ПАРЫЗ БА?

Жылдан жылға қасиетті Рамазан айында әрбір мұсылман баласына парыз етілген оразаны ұстайтындар қатары жасарып келеді. Ауыз бекітіп жатқандардың ішінде мектеп жасындағы жасөспірімдердің бар екені елеңдетеді. Сөнге айналып бара жатқан үрдіске ата-ана қауымы бақылау жасай ма екен? Бұған қатысты пікірлер де қақ жарылып, қызу талқыға түсуде. Бірі баланың ештеңеге алаңдамай сабақ оқуын жатқаса, енді бірі балиғат жасқа жеткендер үшін ораза ұстау парыз дегенді алға тартады. Ал жас ағза бір ай бойы жалғасатын тамақтану режиміндегі өзгеріске қаншалықты дайын? Балиғат жасына толған әр мектеп оқушысы ораза ұстауға міндетті ме? Бұл сауалдардың жауабын арнайы мамандардан сұраған едік. Олардың пікірін ауыз бекіткен әр баланың ата-анасы өзіне айтылған кеңес деп қабылдағаны жөн болар.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ОРАЗА ҰСТАУҒА МӘЖБҮРЛІК КӨРСЕТЕ АЛМАЙСЫЗ

Дін бойынша балиғат жасқа толған адам діни рәсімдерге міндетті. Егер денсаулығы әлсіз болса ұстамауына рұқсат дегенді тілге тиек етті дінтанушы Кеңшілік Тышхан. Айтуынша, мектеп оқушыларын ораза ұстауға ешкім мәжбүрлей алмайды.

— Дін талаптарында ораза ұстаудың екі шарты бар. Біріншісі — балиғат жасқа толу, екіншісі — ақыл-есінің дұрыс болуы. Ақыл-есі дұрыс болып, балиғат жасқа толған болса, белгілі бір физиологиялық деңгейде жетілген болса, онда діни рәсімдер, діни ритуалдар (намаз оқу, ораза ұстау) адамға міндет болып есептеледі, егер ол мұсылмандықты қабылдаған жағдайда. Ал балаларға келгенде бұл мәселені қарау керек. Егер денсаулығы мүмкіндік бермейтін болса, яғни физиологиялық әлсіздік байқалғанда денсаулығы қалпына келгенге дейін ораза ұстамауға болады. Қазір денсаулық деген оқушы балалардың басты мәселесіне айналып отыр. Көбі ұялы телефонның, компьютердің алдында отырғандықтан, ораза ұстамай-ақ әлсіреп құлап жатқандары бар. Мектептерде жедел жәрдем шақыру жағдайлары жиілеп кеткен. Неге десеніз, балалар ұйқысыздықтың, әлсіздіктің салдарынан сабақ үстінде отырып, есінен танып қалады. Егер діни сенімді ұстанған жағдайда айтар болсақ, денсаулығы жарап тұрған балиғат жастағылар ораза ұстауы керек.

Балалар әр нәрсеге еліктегіш келеді ғой. Егер ораза ұстау олардың денсаулығына, сабағына кедергі болмай жатса, меніңше, бұл мәселемен күресу дұрыс емес деп ойлаймын. Ал кейбіреулер мектеп жасындағы балалардың ораза ұстауына занмен тыйым салу керек деп жүйе. Менің

ойымша, ол заң бола қоймас. Адамдар оразаны жасырын ұстауы да мүмкін. Қалай дегенмен, баланы мәжбүрлей алмайсыз. Өйткені діни сенім бостандығы деген мәселе бар. Ата-ананың тәрбиесі негізінде, қызығушылық тұрғысынан бала ораза ұстайды. Отбасылық жағдайларға мемлекет араласа қоймайтын шығар деп ойлаймын. Ол мәселені отбасы мүшелері ақылдасып шешкені дұрыс, — дейді дінтанушы Кеңшілік Тышхан.

ДАЙЫНДЫҚТЫ ЕКІ-ҮШ АЙ БҰРЫН БАСТАУ КЕРЕК

Ораза ұстауға келгенде денсаулығына алаңдайтын әр адам алдымен сақтық шарасы үшін алдын ала тексерістен өткені дұрыс. Эндокринолог-диетолог маманы Ләззат

тазалыққа аса қатты мән бермейтіні рас. Ауыз қуысын, тісін таза күтпегендіктен асқазан-ішек жолдарының ауруы пайда болады. Ойымша, ауыз бекіткен жеткіншектер ораза ұстаудың талаптарын толық білмейді. Өйткені фастфуд тағамдарымен ауыз ашып жүргендерді де көрдім. Егер баласының ораза ұстауына қарсы болмайтын, дегенмен денсаулығына аса жауапкершілікпен қарайтын әр ата-ана айтылған кенеске құлақ түрсе екен, — дейді маман.

Ораза ұстаудың алдында да балалардың дұрыс тамақтанбауы алаңдайтын мәселе еді. Маманның айтуынша, тез дайын болатын тағам түрлерін тұтынудың кесірінен қаназдық пайда болады, ораза кезінде ерте тұру, ұйқының қанбауы қаны аз бала үшін



Жанұзакова оқушылардың ағзасы әлі ораза ұстауға толық дайын болмаса, онда ауыз бекіту ағза үшін зиян екенін айтты. — Шариғат бойынша, баланың ораза ұстауы балиғат жасқа толған кезден басталады. Бірақ қазір балалардың ағзасында дәрумендер, әсіресе Д дәрумені тапшы болып келеді. Сондықтан Рамазан айы жақындағанда ауыз бекіткіні кез келген баланың ата-анасы мынаны ескерсе екен: баланың ұйқысын реттеу, анемия (қаназдық), иод жетіспеушілігінің алдын алу, асқазан-ішек аурулары бар-жоғын анықтау мақсатында баланы дәрігер қабылдауынан өткізіп, анализ тапсыру керек. Егер ағзада жетіспейтін дәрумендер болса, оны ауыз бекітудің алдындағы айларда қолданып, ағзаны өзгерістерге дайындау керек. Жасыратыны жоқ, қазір жас балалар мұндай дайындықтан өтпейді, ораза уақыты келсе бірден ауызын бекіте салады. Мұның соңы мектепте құлап қалу, дірілдеу сияқты қиын жағдайлармен жалғасуы мүмкін. Қазір ораза ұстаған екі баланың бірінде ағзадағы өт жолының майысуы болады. Оның басты себебі мынада: танғы сәресіне тұрған бала салқын су ішеді не болмаса бір дана құрма, жаңғақ жеуі мүмкін. Салдарынан баланың төбеті жоғалады. Бұл жас ағза үшін күні бойы аштық сезімін тудыруға алып келеді.

Ораза ұстаған адамның ағзасы тазарғанымен, ауыз қуысындағы тазалықты өздері бастауы керек. Ал жас бала мұндай

жағдайды одан әрі күрделендіруі мүмкін екенін түсіндірді.

Кеше Мәжілістің комитет отырысынан кейін Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова балалардың ораза ұстауына қатысты пікірін білдірген болатын. Ол балалардың 17 жасқа толған соң ораза ұстағаны дұрыс екенін айтты.


«Жалпы, бала тез өседі, энергиясын тез жұмсайды. Себебі балада зат алмасу процесі жоғары. Сондықтан ол осы энергияны уақытында толтыру керек. Мұны әрбір ата-ана түсінуі қажет. Баланың уақытында жалпы сапалы тамақтануы оның болашақта денсаулығына және адам ретінде дамуы үшін өте маңызды. Менің ойымша, мұнда баланың жасына байланысты. Әрбір ата-ана баласына ораза ұстауға рұқсат етсе, бұл — оның шешімі. Мен белгілі бір жасқа дейін бала дұрыс тамақтануы керек 16-17 жаста ораза ұстауы керек деп ойлаймын», — деді Ақмарал Әлназарова.

Қысқасы, жанның жіңішкеріп, жіңішкені үзілер шағында бұғанасы қатпаған балалардың денсаулығына айрықша мән беріп, ораза ұстауына сақтықпен қарағанымыз абзал. Қалай десек те, он-солған танып үлгермеген, құлшылық үшін емес, қызығушылық үшін ауыз бекіту баланың денсаулығына кері әсерін тигізуге әбден мүмкін. Екінші жағынан, ораза ұстап сабағын жайына қалдырудың орнына оқушының сауатты болғаны дұрыс шығар.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ
АХУАЛЫ ЖАҚСАРАДЫ

Биыл ауылдық жерлерде тұратын халыққа 556 медициналық нысан пайдалануға беріледі. Бұл ауыл тұрғындарын шұғыл медициналық көмекпен қамтып, дәрігер тапшылығы мәселесін шешуге тиіс. «Біз Президенттің ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларының уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Тұрғындар нақты өзгерістерді көруі қажет», — деп атап көрсетті Премьер-Министр Олжас Бектенов 18 наурыздағы Үкімет отырысында.



Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы іске қосылғаны белгілі. Өйткені ауыл медицинасының бүгінгі ахуалы өте өзекті күйінде қалып отыр. Республика өңірлеріндегі алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін мекемелердің инфрақұрылымының тозуы 50%-дан асып кеткен. 2022 жылы сол кездегі Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинаят ауыл тұрғындарын сапалы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету көрсеткіші қала тұрғындарына қарағанда екі есе төмен жағдайда екенін мәлімдеген болатын. «Кейбір елді мекендерде дәріхана мүлдем жоқ. Ауылдарда медициналық қызметкерлер жетіспеушілігі 1 700-ден асады, оның 1 000-нан астамы дәрігер», — деген экс-министр.

Аймақтардағы медицина қызметі сапасының төмендігі, дәрігерлердің жетіспеуі секілді жайттар көшпелі емдік пойыздың жұмысынан да айқын көрінген. 2023 жылы «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы еліміздің 17 облысындағы 121 теміржол стансасына тоқтап, 90 мыңға тарта азаматқа тегін медициналық қызмет түрлерін көрсетті. Аталған медициналық пойызда бас дәрігер болған Айнұр Егінбаевдан ел ішінен қандай сырқат түрлері жиі кездескенін сұрағанбыз. «Ауыл тұрғындары арасында байқалған ауру түрлеріне келсек, әр маманға әртүрлі болып кездесті. Мәселен, көз дәрігеріне миопиямен, катарактамен келіп жүгінген көп болды. Невропатологқа остеохондроз, грыжа дейміз ғой, жарық ауруы, протрузия секілді аурулары асқынған жандар келді. Лор-дәрігерге құлақтың қабынуы, серная пробка дейміз, яғни құлақтың құлығы қатып қалуы секілді жағдайлар көп кездесті. Тіс ауруы үлкен кісі мен балалар арасында да көп. Одан бөлек, созылмалы бронхит, анемия, созылмалы панкреатит, ер адамдарда созылмалы простатит, қуық безінің қабынуы секілді сырқат түрлері көп кездесіп отырғанын байқалдық», — дейді ол. Медициналық пойыз тоқтаған 121 стансада ем іздеген жандардың бойындағы дертін белең алуына жергілікті жердің ерекшелігі де әсер етіп отырғаны мәлім болып отыр. «Әр облыстың орналасқан жеріне, экологиялық жағдайына байланысты да кейбір сырқат түрлері көбеюі мүмкін. Мысалы, онтүстік өңірлерде қан қысымы аурулары жиі кездессе, Павлодар облысында өткө тас байлану, бүйрек ауруы көп, себебі ол судың сапасына байланысты туындайтын дерт. Ал батыс аймақтағы тұрғындар арасында тері аурулары жиі кездесті. Бұл мұнай-газ өндірісінің қарқынды жүру себебімен де байланысты жағдай», — деді А.Егінбаева.



Үкімет қабылдаған ұлттық жоба осы олқылықтардың орнын толтырмақ. 2024 жылғы 27 ақпандағы Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова бытыр басталған жобаның жалпы тізіміндегі 655 медициналық-санитариялық нысанның 92-нің құрылысы аяқталғанын айтты.

«Бүгінде 239 жоба бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, 317 жоба сараптамадан өтуде. Қорытынды алудың күтілетін мерзімі — осы жылдың сәуір айы. Сол кезде біз толығымен сараптамадан өткізіп аяқтаймыз», — деді министр.

Десе де ырғалып, жырғалып жүруге уақыт жоқ. Бұрынғыдай бюрократиялық кедергі атаулының да

Денсаулық сақтау министрлігінің 22 ақпандағы кеңейтілген алқа отырысында дәрі-дәрмек саясатындағы мәселелер туралы сөз қозғалды.

І шілдеден бастап елде дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау жүйесі жұмыс істей бастайды. Ол контрафактілік өнімдерді жоюға, дәрілік заттарды есепке алуға және ұтымды пайдалануға бағытталған. Дәрілік заттардың айналымына қатысатын барлық ұйымда, яғни өндірішіден дәріханаға дейін, осы мониторингті қамтамасыз ететін тиісті аппарат-сканерлер болуы тиіс.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ісі ауылдық жерлерде ақсап тұрғаны жасырын емес. Мемлекеттен тегін беріліп отырған дәрі-дәрмек шалғайдағы елді мекен тұрғындарына уақытында жетпейді. Екіншіден, дәрігер маманның тұрақты қадағалау қызметі жетіспегендіктен ұсынылған дәріні уақытында ішіп, дер кезінде емделмейтін жағдайлар жиі болады. «Аурудың алдын алу, уақытында емделу орындалмайтындықтан ауруы асқынғып, инсульт, инфаркт алып қалып жатқан азамат көп. Былтыр ем көрсетіп жүргенде әр стансада кемінде төсек тартып жатқан екі науқасқа барып, емдеген кездеріміз болды. Бұл сол тегін медициналық көмекті дер кезінде алуға немқұрайды қараудың немесе оған қол жеткізудің әртүрлі себеппен қиындағанының көрінісі. Ауылдық жерлердегі біз көрген ең негізгі проблема осы», — дейді «Саламатты Қазақстан»

“

Денсаулық сақтау министрінің сөзінше, медициналық және медициналық емес бұйымдарды таңдау кезінде отандық тауар өндірушілердің өнімдеріне басымдық берілді. Бүгінде әкімдіктер конкурстарды өткізіп, нысандардың құрылысына 109 шарт жасалынған. Оның ішінде 99 нысанға жергілікті атқарушы органдар көздеріне қоса қаржыландыруы көзделген. Жалпы, 2024 жылға арналған қосымша қаржыландыру қажеттілігі 498 нысан салуға 99,6 млрд теңге.

ауылы алыста қалмақ. Премьер-Министр кешегі отырыста командасына 1 сәуірге дейін барлық жобаның қаржыландыру кестесін ұсынуды тапсырды. Ендігі жұмыс сол кестеге сай қадағаланбақ. «Әрбір министрге және әкімге, ұлттық компаниялардың басшылығына жұмысты күнделікті бақылауға алуды тапсырамын. Толық қайтарыммен жұмыс істеу және жоғары нәтиже тиімділіктің көрсеткіші болмақ», — деді О.Бектенов.

Денсаулық сақтау министрінің сөзінше, медициналық және медициналық емес бұйымдарды таңдау кезінде отандық тауар өндірушілердің өнімдеріне басымдық берілді. Бүгінде әкімдіктер конкурстарды өткізіп, нысандардың құрылысына 109 шарт жасалынған. Оның ішінде 99 нысанға жергілікті атқарушы органдар көздеріне қоса қаржыландыруы көзделген. Жалпы, 2024 жылға арналған қосымша қаржыландыру қажеттілігі 498 нысан салуға 99,6 млрд теңге.

Ұлттық жобаның екінші міндеті аясында 32 аудандық ауруханаға жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Яғни, оларды материалдық-техникалық жарактандыруға 33,6 млрд теңге мөлшерінде қаражат жұмсалмақ. Осы мақсатта былтыр жалпы сомасы 10,5 млрд теңгеге 1 800 медициналық техника сатып алынса, 2024-2025 жылдарға 23 млрд теңгеге 9 ангиограф, 17 МРТ, 6 КТ сатып алу жоспарланған.

медициналық пойызының бас дәрігері Айнұр Егінбаева.

Бұған қоса, жауапты министрлік маман тапшылығы проблемасын кешенді түрде шешу үшін қад саясаты жөніндегі тұжырымдама әзірлемек. Өйткені ұлттық жоба аясында пайдалануға берілетін жана нысандарға 254 медицина қызметкері қажет болады. Одан бөлек, 32 көпбейінді аудандық орталық аурухана үшін 898 маманға сұраныс туады. «Биыл осы бағыт бойынша жұмыс істеу үшін 215 грант игеріп жіберу жоспарланып отыр. 2024-2025 жылдары өңірлер 486 дәрігермен және 323 орта медицина қызметкерімен қамтамасыз етілетін болады. Әлеуметтік пакеттер өңір қаражатының есебінен көзделетін болады. Осы мәселені әкімдердің қолдауы қажет», — деді министр А.Әлназарова.

Денсаулық сақтау жүйесінде ел тұрғындарынан жиі түсетін шағымның бірі — диагноз көп, клиникалық-диагностикалық зерттеулерді алудағы қиындықтарға қатысты. «Ауылдық жерлерде тұратын азаматтардың көбісі тұрақты жұмыспен қамтылмаған, көбісі маусымдық, уақытша жұмыстарда жүр. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бар. Сол себепті олар МӘМС жүйесіне де тұрақты тіркелмеген. Медициналық сақтандыру дегенді алмаған. Бізге келіп, медициналық көмек алғандардың ішінде жұмыссыздар көп екенін байқалдық», — дейді медициналық пойыздың бас дәрігері А.Егінбаева.

Осы орайда, министрлік тұрғындар арасында әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеудің нормативтік базасына өзгерістер енгізбекші. Ондай сырқатқа күдікті деп саналған адамдар МӘМС жүйесіндегі сақтандандыру мәртебесіне қарамастан тегін негізде қызмет түріп ала алады.

Ел Президенті ұсынған мемлекеттік саясаттың маңызды бағытының бірі — ұлт денсаулығын қасарту. Медициналық қызметтің сапасын көтеріп, аталған жүйені жаңа деңгейге көтеру Үкіметтің ұлттық жобаны аяғына жеткізудегі жұмысының нәтижесін де көрсетпек.

Бауыржан БАЗАР

ДӘРІХАНАСЫЗ ЕЛДІ
ДЕРТ ДЕНДЕЙДІ

Бүгінде медицина саласын дамыту бағытында аз жұмыстар істеліп жатқан жоқ. Алайда әлі де «бауын тапса, байлауын таппаған» тірлік көп. Әсіресе, дәрі-дәрмек тапшылығы өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Шалғай ауылдағы ағайын бүгінде басы ауырып, балтыры сыздаса қарапайым цитрамон алатын дәріхана таппай қиналуда. Мұндайда ұлт саулығы туралы қалай сөз қозғауға болады?



Жамбыл облысының картасында жалпағынан жатқан елді мекен Сарысу ауданы саналады. Ал атақты «Жайлау көл кештері» әнінде сырқалған ауыл Камқалы округіне қарайды. Міне, осы елді мекен тұрғындары бүгінде дәріханаға қол жеткізе алмай, сырқаттанып қалса, дертіне дауа таба алмай отыр.

— Камқалы ауылдық округінде 900-ден астам тұрғынның түтіні түтеп тұр. Округтің орталығы Шығанақ ауылы болғанымен халықтың басым көпшілігі Жайлау көл ауылында тұрады.

Ауылдық округтен Тараз бен Жанатас қалаларына такси қатынамайды. Біріншіден, оған жолдың сапасыздығы мен қашықтығы себеп болса, екіншіден, жолақысы қарапайым халықтың қалтасын көтере бермейді.

Жалпы, Шығанақтан облыс орталығына жету үшін Үшарал, Ақкөл ауылы арқылы 285 шақырымды, ал Жанатас қаласына дейін 200 шақырым қашықтықты енсеру керек. Ал қоғамдық көлік аудан орталығына да, Тараз қаласына да аптасына екі-ақ мәрте ғана қатынайды. Сонда науқас дәріге қол жеткізбей дегенше, үш-төрт күн үйінде сырқаттанып жатуы тиіс.



Жақында бір көршім моншасына түсіп жатып ыстық суға күйіп қалды. Соған қажетті дәрі-дәрмекті алдырамыз дегенше 3-4 күн өтіп кетті. Көрші дәрі жеткенше өзін қоярға жер таппады. Аудандық ауруханаға апарайық десек, жол қашық. Жедел жәрдем көлігі де біз жакқа келе бермейді. Содан амалсыздан қуту ғана қалды. Егер Камқалы ауылдық округіне бір дәріхана ашып берсе, халықтың алғысы шексіз болар еді, — дейді Шығанақ ауылының тұрғыны Қайрат Исаков.

Дәл осындай өтінішпен Досбол ауылдық округі Үлкен Көкдала ауылының тұрғыны Берсүгір Иманбаевның да бармаған жері, қақпаған есігі қалмаған. Ол тіпті қан қысымы бойынша есепте тұрса да, тегін дәріге қол жеткізе алмай жүр екен.

— Досбол ауылдық округіне Кіші Көкдаланы қосқанда үш ауыл қарайды. Мұнда 90-ға жуық тұрғын жиі бар. Ауылда дәрігерлік амбулатория қаралмағандықтан 40 шақырым қашықтықта орналасқан Тоғызкент ауылдық округінен дәрігер келіп, науқастарымызды анда-санда қарап кетіп жатады. Дәрігер жазып берген дәріні алу үшін Тоғызкент ауылына қайта ағылып, ал ол жерден табылмаса, 110 шақырым қашықтықтағы Жанатас қаласына жол тартамыз. Өзім қан қысымым бойынша есепте тұрған адаммын. Алайда аудан орталығының қашықтығынан тегін дәріге де қол жеткізе алмаудамын. Әттен, егер ауылда бір дәріхана болғанда қажеттіні қиналмай алып, дертімізге де дер кезінде дауа табар едік, — дейді Берсүгір Әмедияұлы.

Талас ауданы Кеңес ауылдық округіне қарасты Бөлтірік, Көшек батыр ауылдарының тұрғындары да дәріхана сұрап шырылдап жүргеніне талай жылдың жүзі болған. Алайда олардың да жанайқайы жауапты мамандардың құлағына жетпеуде. Осы орайда мәселенің мәнісіне тереңірек үнілу үшін Денсаулық сақтау министрлігі

Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің облыс бойынша департаментіне хабарластық. Мекеме басшысы Манат Сейдумановтың айтуынша, өңірдегі ауылдық елді мекендердің 63 пайызы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген екен. Ал қалған ауылдарда дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыру үшін департамент тарапынан тиісті атқарушы органдарға ұсыныс хат жолданыпты.

— Бұл мәселеден облыс әкімі Ербол Қарашөкеев хабардар. Өткен жетідегі аппараттық кеңесте департаменттің жыл ішінде атқарған жұмысын баяндай келе, шалғай ауылдардан дәріхана пунктерін ашу немесе жылжымалы дәріхана пунктерімен қамту мәселесін көтердім. Мұндай пункттер қазір Жамбыл, Жуалы, Сарысу, Талас, Т.Рысқұлов және Мойынқұм аудандарына ауадай қажет болып тұр. Түйтілген жіті танысқан аймақ басшысы Ербол Шырақпайұлы облыс әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жанар Оспановаға арнайы тапсырма берді. Енді бұл мәселемен аталған басқарма айналысады, — дейді Манат Тұрарұлы. Ал облыс әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасы жоғарыдан тапсырма түскеннен кейін шалғай ауыл

тұрғындарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін жылжымалы дәріхана пунктерін ашу жұмыстарын бастап кеткен. Алайда бұл жобаға жан бітіру үшін ең алдымен облыстық мәслихаттың қарауынан өту қажет. Әйтеуір, басқарма бастамасы халық қалаулылары тарапынан қолдау табады деп сенейік.

Осы тұста «Неге ауылдардағы кәсіпкерлер бір-бір дәріхана ашып, тұрғындарды медициналық бұйымдармен қамтымайды?» деген орынды сұрақ тууы мүмкін. Себебі дәрі-дәрмек саудасы пайданың қайнар көзі екенін өмірдің өзі көрсетіп тұр. Алайда қазір дәріхана ашуға қажетті лицензия алу қиынның-қиыны болып кеткен. Мамандардың айтуынша, бұрын медицина бағытында білім алған кез-келген қызметкерге дәріхана ашуға рұқсат беріле, қазір тек фармацевтика саласында бес жылдық стажы бар адамдарға лицензия алу мүмкіндігі қарастырылған. Оған қоса қазір дәріхана ашу үшін дәрі-дәрмекті сақтау орны, оны қорғау, қажет болған кезде заласыздандыру сынды талаптар да күшейген. Осыған байланысты көп бизнесменнің қаржысы бола тұра, қолы байлаулы.

Өткен жылы Денсаулық сақтау министрлігі еліміз бойынша 200-ден астам елді мекенде медициналық нысандар жоқ екенін мәлімдеген. Сондай-ақ 400-ге жуық ауылдарда медициналық мекемелер сенімгерлік басқаруға беріліп кеткенін жеткізген. Енді бұған дәріханасы жоқ ауылдарды қосыңыз. Сонда мұндай жағдаймен ұлт саулығы мен ұрпақ амандығы туралы не айтуға болады?

Бәлкім Денсаулық сақтау министрлігіне дәріхана ашу лицензиясына қатысты шектеулерді тағы бір зерделен өткізу керек шығар. Сонда мүмкін тараптарға тиімді бір шешімі табылып қалар. Ал одан ұлт денсаулығы ұтпаса, ұтылмасы анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Елдос СЕНБАЙ

(Басы 1-бетте)

Нәтижесінде, ЖОО-ларға шектен тыс жүктеме түсті. Былтыр Президенттің тапсырмасымен жаңа Ғылым және жоғары білім министрлігінің әзірлеуімен қабылданған «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023—2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» бұл проблема ашық айтылады.

Ғылым министрлігінің дерегінше, Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі алдағы 7 жылда «күшті демографиялық жүктемелерді бастан кешіретін болады». Егер елдегі халық саны былтыр 20 миллион адамды құраса, 2050 жылға қарай 27,7 миллионға жетеді деген болжам бар.

«2029 жылға қарай мектеп бітірушілер саны 2 есе өседі деп күтілуде, бұл жоғары білім мен ғылым ұйымдарының шамадан тыс жүктелуіне, білікті профессорлық-оқытушылық құрамның тапшылығына, ЖОО мен жатақханалардағы орындардың, заманауи инфрақұрылымының жетіспеушілігіне, зертханалық базасының, жабдықтарының тез тозуына әкеліп соқтырады. Осы үрдіс болашақта сақталса, жоғары білім берудің жыл сайынғы бюджеттік шығыны 2030 жылға қарай 1,3 трлн, 2040 жылы 3,1 трлн теңгеге жетеді. 18 жыл ішінде тек студенттердің бірінші мамандық алуына қажетті мемлекеттік бюджет шығыстары 29,1 триллион теңгені талап етеді», — деп хабарлады ведомство.

Статистика мамандары қазірден қазақстандық білім құған жастардың шетелге, негізінен, Ресейге кету үрдісі күшейгеніне назар аудартты. 2019 жылдан бері қазақстандық ЖОО-ларға түсушілер санының кему тренді белең алды. Мысалы, 2018 жылы елдегі 124 ғылым мен жоғары білім ұйымында 542,5 мың студент білім алса, 2019 жылы бұл сан 604,3 мыңға өсті.

Алайда ары қарай құлдырады: 2020 жылы 125 ЖОО-да небәрі 575,5 мың



ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ҚАЙТСЕ ЕҢСЕ ТІКТЕЙДІ?

дан-ақ бұрынғы министрдің «қысқарту» науқанынан аман қалған оқу орындарына қандай жүктеме түсіп жатқанын аңғаруға болады.

Жағдай ары қарай ушыға бермеуі үшін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз шешімімен 2022 жылдың 11 маусымында Білім және ғылым министрлігін екі министрлікке бөліп, ғылым мен жоғары білімге жеке отау құрып берді. Сонымен бірге Қазақстанда шетелдік беделді оқу орындарының филиалын ашу жұмыстарына серпін берілді. 2023 жылы жетекші шетелдік университеттердің жаңа ашылған бөлімшелерінің саны сегізге жетіпті.



студент қалды. 2021 жылы ЖОО-лар қатары 122-ге кеміді, оларда 576,6 мың студент қана болды. 2022 жылы ЖОО-лар саны 116-ға дейін қысқартылды, демографиялық өсімнің қарқын алғанына қарамастан, студенттер саны 578,2 мыңды ғана құрады. 2023 жылы ғылым мен білім ордаларының саны 112-ге дейін азайды. Олардағы ғылым құған жастардың қатары 592,7 мың ғана болды.

Әзірге соның өзі ғылым ордаларына деген тапшылықты жоя алмай тұр.

ҒАЛЫМДАР ҚАНША ЖАЛАҚЫ АЛАДЫ?

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке сенсек, жоғары оқу орындарындағы ғалымдар күреп табыс таппайды. Квзимемлекеттік сектордағы, ұлттық компаниялардағы жас

Университеттерде осылай екен, ал ғылыми орталықтағылардың халі нешік? Ғылым министрінің дерегінше, ондағы ғалымдардың орташа жалақысы 2 есе өсті: бүгінде 252 мың теңгеге жетті. Іргелі зерттеумен айналысатын ҒЗИ-лар енді тікелей бюджеттен қаржыландырылады.

Дардай профессор даңқы бар тұлғаның компаниялардағы хатшы қыз деңгейінде ғана табатынын білген соң жастар ғылымға сонша ынтыға бермейді. Басқа салада карьера жасаса, тәуелсіз әрі бай-бақуатты болатынын түсінеді. Бұған қоса, профессорлар мен оқытушылардың біразының баспанасы жоқ, жатақханада тұрады. Ал оларда орын жетпейді: жаңа министрлік құрылғанда, 2022 жылы ЖОО жатақханаларындағы жалпы орын тапшылығы 55 050 орынды құрапты. Қолға алынған шұғыл шаралар арқылы оны 3 есе азайта алған.

Соның өзінде 2023 жылдың соңында жатақханаларда 17 488 орын тапшылығы тіркелген. Атағы елге танымал, азуы алты қарыс деген ғалымның жатақханадағы орын үшін жастармен жағаласып жүруі де абырой әпермейді.

Әділін айту керек, жалғыз жалақыға қарап қалмай, ғылыми зерттеулермен белсенді айналысып, ғылыми жана-лықтар ашатын, өнімін коммерцияландыратын ғалымдар ауқатты. Бұл үшін мемлекет барлық жағдайды жасады. Мысалы, ғылым саласының 2023-2025 жылдарға арналған жалпы бюджеті

3,3 есе артып, 643 миллиард теңгені құрады. Талантты ғалымдар мемлекеттен де, шетелден де мол гранттық қаржыландыру алып, игере алады.

Ғылым министрлігінің дерегінше, ғалымдардың 151 жобасы мемлекеттен қолдау тапты, инвесторлардан да 6,7 миллиард теңге жеке қаржы тартылды. 2022 жылы инновациялық өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс сомасы 24,9 миллиард теңге болды. 15 жоба бойынша 402,2 миллион теңгеге өнім экспортталған.

Елімізде 2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы іске қосылды. Оның аясында жас ғалымдардың зерттеулеріне қайтарымсыз грант қаржы беріледі. Бұл үшін конкурсқа қатысып, зерттеудің елге игілік әкелетінін, ғылымды дамытуға керек екенін дәлелдеу керек.

Талап жоғары: Web of Science дерекқорында импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентильге ие алғашқы елулікке енетін журналдарда ғылыми мақала басып, жобаның ғылыми негізін дәлелдеу қажет. Сондай-ақ жобаға жеке серіктес тауып, ол шамалы болса да, инвестиция құйып, бизнеске қызықты екенін байқатуы керек.

100 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕНІ КІМ ЕНШІЛЕЙДІ?

Осы орайда Парламенттің қос палатасының депутаттары «Кейбір заманалық актілерге ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірледі. Оның авторларының бірі, 2019 жылдан бері Білім және ғылым министрлігін басқарған, қазіргі Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, құжат ғалымдардың жағдайын жақсартатын көптеген тетікті іске қосады.

Біріншіден, ғалымдар үшін жаңа үстемеақы түрін енгізеді. Мысалы, доцент атағы бар ғылым кандидаттары — ай сайын 25 АЕК (2024 жылы 92 300 теңге), профессор атағы бар ғылым докторлары — 50 АЕК (биыл 184 600 теңге) қосымша ақы алатын болады.

А.Аймағамбетовтің айтуынша, ғылыми-зерттеу институттарында немесе университеттерде істейтін ғалымдар доктор PhD, ғылым докторы, ғылым кандидаты сияқты ғылыми дәрежелері үшін бүгінде онсыз да ай сайын жалақысына қосымша үстемеақы алады.

«Ол — баяғыдан бекітілген норма. Енді оларға профессор немесе доцент сияқты ғылыми атақтары үшін тағы жала-

қысына қосымша ақы беру ұсынылып отыр. Мысалы, доктор PhD, ғылым кандидаты бүгінде ай сайынғы жалақысына ғылыми дәрежесі үшін 62 мың теңгедей үстемеақы алса, бұдан былай ол қосымша доцент деген ғылыми атағы үшін тағы 30 мың теңгеге жуық үстемеақы, яғни жалпы алғанда 92 мың теңгені ай сайынғы жалақысына қосымша алады. Ол ғылым докторы болса және өз жалақысына 130 мыңға жуық үстемеақы алып отырса, мына заң қабылданған соң профессор атағы үшін қосымша 60 мың теңгедей алады. Сонда барлығын қосқанда, ай сайынғы жалақысына 185 мыңдай үстемеақы беріледі», — деді депутат.

Екіншіден, өмірге жолдама алатын тағы бір қолдау тетігіне сәйкес, халықаралық тәжірибеде бар саббатикал институты, яғни шығармашылық демалыс енгізіледі. ҒЗИ-да немесе университетте бес жылдан астам уақыт жұмыс істеген ғалымдарға бір жылға дейінгі шығармашылық демалыс беріледі. Осы бір жылда оларға тиісті орташа жалақысы төленіп тұрады. Депутаттардың пікірінше, бір жылдық ұзақ демалысты ғалымдар кітабын жазуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын аяқтауға, ғылыми мақалаларын басуға жұмсай алады.

Бірақ депутат Ерболат Саурықовтың айтуынша, алған біржылдық шығармашылық демалысын ғалымдар басқа университетте сабақ беруге арнауы мүмкін, салдарынан, ғылыми зерттеуін аяқтауда ешқандай нәтижеге жетпейді. Сондықтан заң жобасында жеке норма пысықталады. Ғалым шығармашылық демалыста ғылыммен айналысып, мақалаларын, монографияларын шығаруын орнына басқа бір университетке барып, қосымша сағат алып, жұмыс істейтін болса, онда университетінде немесе ғылыми-зерттеу институтында алған шығармашылық демалысы тоқтатылуы мүмкін.

Үшіншіден, тек мемлекетпен, Ғылым және жоғары білім министрлігімен шектелмей, алда әкімдерге де жергілікті бюджеттен жергілікті ғалымдарды қаржыландыру құзыры ұсынылады. Заң бастамашыларының пікірінше, мұндай шешім өңірлерде ғылыми әлеуетті неғұрлым тиімді пайдалануға ықпал етеді, ғылымның дамуындағы өңірлік ерекшеліктер мен қажеттіліктерді барынша ескеруге мүмкіндік береді. Сөйкесінше, әрбір әкімге өңіріндегі проблемаларды шешуге өз ғалымдарының ғылыми зерттеуі мен жаналықтарын қолдануына жол ашылатын көрінеді.

Төртіншіден, заңнама бойынша жер қойнауын пайдаланушылар, ірі кен орындары, консорциумдар жыл сайын өз табысының 1%-ын қазақстандық ғылымды дамытуға жұмсауға міндеттелген. Олар ол қаржының бір бөлігін жергілікті мазмұнды дамыту аясында кәсіпкерлерге немесе «Алатау» инно-технологиялар паркіне бөледі.

Мына жаңа заң инвесторларды барлық миллиардтарды тек ғалымдарға беруге міндеттемек. Ғылым министрлігінің хабарлауынша, бүгінде жер қойнауын пайдаланушылардың табысының 1%-ы жылына 100 миллиард теңгеден асады. Бұл қаржының арқасында ғылымды коммерцияландыруға арналған гранттар да 2023 жылы үш есе — 6 миллиардтан 19 млрд теңгеге дейін арттырылған.

Бұл ретте 2024 жылы жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми қаражатын толығымен орталықтандыру жоспарланып отыр.

Ғалымдарға 185 мың теңгеге дейін қосымша үстемеақы беру талабы негізінен, мемлекеттік ЖОО-ларға бағдарланған. Ал жекеменшіктегілер өзі би, өзі қожа. Депутаттардың айтуынша, «қосымша үстемеақысы бар» деп доценттер мен профессорлардың жеке университеттерден жаппай мемлекеттікке кетіп қалу қаупі қылан берді. Бұл мәселені қарастырған жұмыс тобы ғалымдардың қосымша үстемеақысын төлеуді жекеменшік ЖОО-лардың мемлекеттен алатын қаражаты, гранттары есебінен шешуге болады деген тоқтама келіпті.

Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылымның ел экономикасына үлес қосатын қамтамасыз ету үшін екі жыл бұрын «ҒЗИ мен университеттерге қатысты коммерцияландыру бойынша КРІ енгізбек» болған. Оған қарсылық көп болып, бұл бастамасы идея күйінде қалды. Жаңа заңның үстемеақы, ұзақ демалыс сияқты игіліктері ғалым болуға қызыққандар санын арттыруы мүмкін. Ал Қазақстанның жақсы атағын әлемге жаятын ғаламат ғылыми жаналықтар пайда болар ма екен?

БЕЛГІЛІ РЕЖИССЕР ШӘКЕН АЙМАНОВТЫҢ ЕСІМІН ЕСТІГЕН СӘТТЕ КӨЗ АЛДЫ-МЫЗҒА БІРДЕН ҚАЗАҚ КИНОИНДУСТРИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ ЕЛЕСТЕЙДІ. ОЛАЙ ДЕУГЕ НЕГІЗ БАР. ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ РЕЖИССЕР ҒҰМЫРЫН ЭКРАН АРТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАРБАЛАСҚА АРНАП, КӨРЕРМЕННІҢ ПАТША КӨҢІЛІНЕН ОРЫН АЛҒАН ТЫҢ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТТІ. БҮГІНДЕ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН «ҚАЗАҚФИЛЬМ» КИНОСТУДИЯСЫНА ӘЙГІЛІ РЕЖИССЕРДІҢ ЕСІМІ БЕРІЛГЕН. КИНОСТУДИЯ АУМАҒЫНДА ШӘКЕН АЙМАНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ МҰРАЖАЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. БІЗ РЕЖИССЕРДІҢ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕРІН КӨРУ МАҚСАТЫНДА «ҚАЗАҚФИЛЬМГЕ» АРНАЙЫ АТ БАСЫН БҰРҒАН ӨДІК.



Шәкеннен ҚАЛҒАН Бір сыр бар



Иә, бұл сапарымызда қазақ киносының жауһарына айналған фильмдерден қалған құнды заттарды көзбен көріп, қолмен ұстауға мүмкіндік туды. Көгілдір экран арқылы тамашалаған кейіпкерлеріміздің кинода қолданған заттарын шынайы өмірде көрудің әсері тіптен бөлек. Киностудия ғимаратына кірген бойда бізді құшақ жая қарсы алған Бақыт Сүлейменқызы мұражай орналасқан аумаққа қарай алып барды. Алғашында «Қазақфильмдегі» мансап жолын актриса ретінде бастаған мұражай жетекшісі қара шаңырақта 40 жыл бойы қызмет етіп келеді. Шәкен Аймановтың шәкірті, кинорежиссер, сценарист Ұлжан Қолдауқызының қалауымен мұражайды басқару ісіне қадам басқан ол келушілерге барынша жәдігерлер туралы тың ақпарат беруге тырысатынын айтады.

ШАХМАТ ОЙНАП, ДОМБЫРАНЫҢ ҚОҢЫР ҮНІН ӘУЕЛЕТКЕН

Мұражайға кірген сәтте ерекше назарымызға іліккені — Шәкен Аймановтың жұмыс үстелі. Мұнда режиссердің қолданған заттары, естелігі, түрлі жазбасы сақталған. Кезінде Шәкен Аймановтың жеке кабинеті ғана болса, кейіннен Ұлжан Қолдауқызы мен Асанәлі Әшімов екеуі режиссердің артынан қалған құнды заттарын жинақтап, осында әкеліп орналастырды. Үстелдің үстінде шахматты көруге болады. Шәкен Кенжетайұлының шахмат ойнағанды жақсы көргені соншалық, қарсыласымен есеп айырыспайынша, соңына дейін берілмеген. Одан өзге жеке кабинетінде режиссердің өзімен бірге алып жүруге ыңғайлы қалта шахматы да қоса сақталған. Мұражайда орналасқан құндылығы жоғары заттардың бірі — Ал-

Ән мен күйге елітіп өскен Шәкен Кенжетайұлының актерлік, режиссерлік қабілетінен өзге әуелетіп ән шырқайтын ерекше таланты болған. Оның осы бір дарынына дәлел — жеке кабинетінде сақталған, режиссердің өзі күмбірлете тартқан домбырасы. Ал екінші домбыраның тиегі түсіп, зақым келген. Шәкен Айманов домбырамен ән салса, жұрт таңданысын жасыра алмаған деседі. Мұражай жетекшісінің айтуынша, режиссер әнді кез келген орында емес, көңілі түскен ортада ғана шырқаған.

Режиссердің кабинетінен түрлі мазмұндағы жазба сақталған қағаздың бірнеше түрін кездестірдік. Солардың арасында түсірілім алдында киімдердің эскизі бейнеленген қағаздар бар. Шәкен Айманов кино түсіру алдында актерлік құрамға лайықты костюмнің эскизін құру үшін суретшілерге тапсырма берген. Егер эскиз көңілінен шықса, түсірілімге қажетті киімдер тігіледі.

— Кеңес заманы тұсында кино түсіру үшін әр істің атқарылатын уақыты болды. Мәселен, түсірілім басталмас бұрын екі-



мемлекеттік марапаттары мен төсбелгілері де сақталған. Шәкен Кенжетайұлы күнделікте өзінің атқарған істері, кіммен кездескені жайлы мағлұматтарды жазып отырған. Мұражайдың кіреберісінде қатарынан тізілген пленкаларға көзіміз түсті. Цифрлық технология кең қанат жайған заманда мұндай пленкаларды мұрағаттардан көрмесеніз, қарапайым өмірде кездірту екіталай сынайлы.

— Бұл — Шәкен Аймановтың жұмыс істеген монтаж үстелі. Ол заманда қазіргі кезеңдегідей цифрлы камера болмады. Кино кадрларын пленкаға түсірген. Шыны керек, кеңес заманында пленканың өзі арнайы сұраныспен алынатын зат болған. Сол пленкаларды салу арқылы бүгінге дейін жеткен фильмдерді таспалаған. Ал мына құрылғымен қажетсіз дубльді кынып алып тастап отырған. Осындай процестің нәтижесінде дайын болған фильмдерді Мәскеу қаласына жолдады. Ал бұл — дыбыс өңдейтін құрал. Құрылғы арқылы актерлардың дыбысын жазады. Қазір мұны ешкім қолданбайды десек те болады. Арада қаншама жыл уақыт өтсе де, осы заттардың сақталып қалғанына қуанамыз. Шәкен Аймановтың режиссерлік салада көп қолданған заттарының бірі — «Мир» камерасы. Кеңес заманында режиссерлер тікелей Мәскеу қаласындағы мамандармен жұмыс істеді. Киноның жарыққа шығуы немесе шықпауы сол кісілердің құзырында болды, — дейді Бақыт ханым.

Мұражайда Шәкен Айманов қолданған жәдігерлерден өзге кино саласында елеулі еңбегін сіңіріп келе жатқан танымал режиссерлер түсірген фильмдермен байланысы бар құнды бұйымдар да бар. Соның ішінде аты аңызға айналған режиссер Сергей Эйзенштейннің камерасы, қазақстандық режиссер Ақан Сатаев түсірген «Томирис» фильміндегі басты кейіпкерлердің костюмдері мен Рүстем Әбдіраш таспалаған «Қазақ хандығы. Алтын тақ» фильміндегі Жәнібек ханның костюмі қойылған. Бақыт Сүлейменқызы фильмдерге арналған киімдердің арнайы тігілетінін, костюмде бейнеленетін әрбір ою-өрнектің сол замандағы маңызы мен қолданысы туралы ақпарат алдын ала



сүзгіден өтетінін атап өтті. Тері, киіз сынды материалдан әзірленген киімдердің салмағының ауырлығына қарап-ақ фильмге арнап костюм тігу аз уақытта аяқталатын шаруа емес екенін аңғардық.

Мұражайда орналасқан ең бағалы заттардың бірі де бірегейі — «Қыз Жібек» фильміндегі Төлеген мен Қыз Жібек киген костюм. Тарихи фильмнің өмірге келуіне бір ғана режиссердің, оператордың немесе костюмердің еңбегі ғана емес, бүтін бір халықтың үлесі жатыр. Олай дейтін себебіміз, кезінде Қыз Жібек таққан әшекейлердің барлығын фильм түсіріліп жатқанын естіген халық өздері әкеліп берген. Тіпті, ұзақ уақыт бойы сақтап келген қымбат асыл заттарын, алтын-күміс бұйымдарын, кілемдері мен ер-тоқымдарына дейін сыйға тартқан. Әкініштісі, оның көп бөлігі қолды болған. Мұражай жетекшісінің сөзінше, «Қыз Жібек» фильмінде пайдаланған костюмдердің тігілгеніне 50 жылдан астам уақыт өтті. Киімдердің қазіргі күйі де оның жарты ғасырдан астам тарихы барын байқатады. Себебі костюмдер аздап ескірген, онымен қоса мұражайға келушілердің қызықтап, қолмен ұстап көруі де киімнің сақталуына әсер ететін көрінеді.

— «Қыз Жібек» фильмін еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін жақсы

біледі. Қанша көрсек те шаршамаймыз. Фильмнің тарихы жайлы біздің өскелең ұрпақ ұмытпаса екен деген ниетпен мұражайдан арнайы бұрыш арнадым. Фильмде Бекежан рөлін сомдаған Асанәлі Әшімов ағамыз, Халық әртісі Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешова, Шегенің рөлін сомдаған Әнуар Моллабеков сияқты актерларымыз бар. Тіпті, экран артындағы көрермен Сырлыбайдың рөлін ойнаған Кененбай Қожабековтың мүгедектігін байқамаған. Актердің актерлік мамандықты жақсы көретіні сондай, қаншама фильмде мұны білдіртпей ойнаған. Кино түсіру — мұқияттылықты, адамның таланты мен қарым-қабілетін, ісіне деген асқан жауапкершілігін талап етеді. «Қыз Жібек» фильмінің жарыққа шығуына халықтың үлкен көмегі тигені рас, — дейді ол.

ӨНЕР ӘЛЕМІНДЕГІ ДИНАСТИЯ

Шәкен Аймановтың кітаптары мен күнделіктеріне қол жеткізуде режиссердің інісі Кәукен Кенжетайұлының орасан зор көмегі тиген. Зейнетке шыққанына қарамастан Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында ұстаздық қызмет атқарып, шәкірт тәрбиелеген інісінің арқасында режиссерге қатысты бірқатар мәлімет туралы тақырыпқа тоқталды. Осы ретте өнер жолымен тұтас бір династия айналысты ма деген сауал туындады. Мұражай жетекшісі болжамымыздың расымен шындыққа сәйкес келетінін айтып, Шәкен Аймановтың отбасы туралы баяндап берді.

— Шәкен Кенжетайұлының Мұрат пен Майра есімді балалары болған. Майра апамыз опера әншісі болса, Мұрат ағамыз 70-жылдары «Атаманның ақырында» оператор болып жұмыс істеген. Театрда



Атиланын, Жамбылдың рөлін сомдады. Мұражайда Мұраттың суреттері сақталған, ал одан өзге ақпаратқа біз әлі қол жеткізе алмадық. Кәукен Кенжетайұлы өнер институтында сабақ беріп, опера саласында қызмет атқарды. Майра мен Мұрат та өнер жолын тандады. Қарап отырсақ, өнер саласымен бүтін бір династияның айналысқанын көруге болады. Ал шөбересі суретші, дизайнер Әсел Кенжетайқызы киім дизайнын әзірлеумен айналысады. Бүгінде мен оның жұмысын сырттай бақылап отырамын, — дейді мұражай жетекшісі.

БІРҚАЛЫПТЫ ТЕМПЕРАТУРА САҚТАЛАДЫ

Бір қызығы, мұражайға кірген сәтте екі түрлі температураның сақталғанын байқадық. Бұл да тегін емес. Себебі жәдігерлерді сақтап қалуда бөлмедегі ауа температурасының бірқалыпты болуы маңызды. Мұнда тазалық жұмыстарын жүргізу мақсатында аптасына бір рет дезинфекция шаралары жүргізіліп отырса, кейде жоспардан тыс санитарлық тазалық жұмыстарын өткізуге тура келеді екен.

— Байқасаңыз, мұражайдың іші салқын. Өйткені мұнда ескі ағаштан, теріден жасалған заттар бар. Олар бүлініп кетпес үшін біз температураны бірқалыпты ұстауға тырысамыз. Аптасына жұма күні кешкісін дезинфекция жұмысы жүргізіледі. Демалыс күндері жақындаған тұста тұрмыстық бұйымдарға жәндіктерге қарсы дәрілерді шашып қоямыз. Бел-

медегі температураны шамамен 20-24 градус аралығында ғана ұстаймыз. Бір жағы ыстық, бір жағы суық болып тұруы тиіс, себебі екі ауа алмасқан кезде қалыпты температура береді, — дейді мұражай жетекшісі Бақыт Сүлейменқызы. Сондай-ақ мұражай қабырғаларына Шәкен Айманов пен қазір есімі елге белгілі режиссерлер түсірген фильмнің афишалары ілінген. Мұражайдағы жәдігерлерді тамашалауға келушілердің арасында балалар, студенттермен қоса, шетелдіктер де табылады. Бақыт ханым мұнда таяуда ғана Якутия, Түркия, Жапония елінен туристер келсе, жақын уақытта Белоруссиядан қонақтар келетіні жайлы айтып ағынан жарылды.

Шәкен Аймановтың шығармашылық жолы қазақ кино өнерінің ғұмырымен астасып жатыр. Мұражайда өз орнын тапқан әрбір жәдігер — киноиндустрия тарихының өткенінен хабар береді. Жәдігерлердің сақталуы мен олардың қауіп-сіздігін қадағалап, тіпті өз баласындай қызғыштай қорыған мұражай жетекшісі Бақыт ханым осынау құндылықтарымызды, тау туғалар қалыңдар теңдессіз мұраны келер ұрпақ білгіп өссе екен дейді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы



дар көсенің таяғы. Бұл таяқтың өзгелерден ерекшелігі де сол — «Алдар көсе» фильмі түсірілген жылдардан бүгінге дейін бүлінбей сақталып келуі.

— Бұл — «Алдар көсенің» таяғы. Көріп тұрғаныңыздай, мұнда одан басқа да бірнеше таяқ тұр. Бірақ бұл таяқтың өзіндік маңызы бар. Шәкен ағамыз түсірілім алаңының табиғатымен таныса жүріп, осы таяқты айдаладан өзі тапқан екен. Шәкен Айманов өнер жолында сондай бір кен, терен адам болған. Ол түсірілім басталардан алдын екі күн қойын сойып, киноға түсетін әріптестерінің бір-бірімен танысуына жағдай жасаған. Жас актерлерді өзінің баласындай көрді. Осылайша, екі күннен кейін ғана киноның түсірілімін бастайды екен. Өнер жолындағы адамдар түсірілім алаңына келгенде біртұтас болып кетеді. Ал Шәкен ағамыз сол актерлік құрамның бір-біріне үйренісіп, жақсы көзқарас қалыптастыру үшін осындай әдіске сүйенген, — дейді Бақыт Сүлейменқызы.

үш ай бұрын дайындық жұмысы жүргізіледі. Белгілі адамдардан тұратын арнайы комиссия құрылып, киноның сценарийін талқылайды. Сценарийдің кемшін тұстарын өзгерткеннен кейін ғана фильмді түсіруге рұқсат берді. Кейін кино таспаланып болған соң өңдеу процесі жүреді. Сонда кино бір жылдың ішінде аяқталуға тиіс. Шәкен Кенжетайұлы — ғасырда бір туар тұлға. Біз оны «қазақ киносының ата-сы» деп бағалаймыз. Себебі режиссер кино түсірудің жан-жақты қырлары мен қиындықтарын бойына сіңіре білген адам, — дейді мұражай жетекшісі.

ТЫҢ ТУЫНДЫЛАР ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН МОНТАЖ ҮСТЕЛІ

Шәкен Аймановтың жеке кабинетінде әр қаладан алған сый-сыяпаттары, соның ішінде оттық, әзі жинаған қаламдары сияқты жеке заттары мен бұйымдары бар. Әйгілі режиссердің өз қолымен жазған хаттары, күнделігі, Сталиндік сыйлықтың иегері екенін куәландыратын бұйрық,

Агро немесе ауылдық туризм – бұл кешенді туристік орта. Мұнда ауылдың табиғи, мәдени, тарихи және қолөнер мен диканшылықтың ерекшелігімен танысады. Сонымен бірге саяхатшылар жергілікті мәдениет пен әдет-ғұрыптың тылсымымен тыныстауына болады. Туризмнің бұл түрі Испанияда, Италияда, Францияда және Беларусь елінде жақсы дамыған. Біздің елімізде аталған саланы дамыту кешенді түрде қолға алынбай, кенжелеп қалып отыр. Бірақ сарапшылар Қазақстан агро-туризмге сұранып тұрған ел екенін айтады.

Бердібек ҚАБАЙ

Елімізде осы ауыл туризмімен түбегейлі айналысып отырған бірде-бір мекеме жоқ екен. Айналысатын азаматтар ғана бар. Олардың өзінің көп дүниеге қолы жете бермейді. Бұл саланы дамытқысы келетіндер өзiрге мәдениет пен ел жанашырлары ғана. Елімізде ресми дерек бойынша, 2 800-ден астам тіркелген туристік мекеме бар көрінеді. Ең өкініштісі сол, қолымызға тиген тізімдегі туристік агенттіктердің ішінен біз ауылдық туризммен айналысатындарын таппадық. Барлығы дерлік сырт елдерге саяхатшыларды жіберумен ғана ақша тауып отыр.

Былтыр еліміздің бірнеше облысында БҰҰ-ның даму бағдарламасының қолдауымен қазақстандық агро және ауылдық туризм қауымдастығы мобилді оқыту семинарларын ұйымдастырған болатын. Басты мақсат – өңірдегі туристік әлеуетті арттыру, ауыл тұрғындары үшін табыс көзін жасау және ұлттық салт-дәстүрдің жауһарларын насихаттау. Қатысқандардың дені ауылдық жерлерде тұратын отбасылар екенін айтады. Агро және ауылдық туризм қауымдастығы төрағасының орынбасары Алмас Танғытұлы.

«Қазір біз ауылдарға барып ауыл тұрғындарын ауыл туризм саласына оқытумен ғана шектеліп отырмыз. Басқа қаражат көзінің де ыңғайы болмай тұр. Негізі, сәл ғана икемделсек, біз толықтай ауыл туризміне дайынбыз», — дейді ол.

Агро туризм әлемде ең табысы мол сала болғандықтан, біздің де осы саланы дамытып, пайда көруімізге болмас па еді деген ойға қаласын. Қазақстандық агро және ауылдық туризм қауымдастығы өкілдерінің айтуынша, ауылда мұнымен айналысқысы келетін жандар бар. Бірақ көбі шаруашылық немесе кәсіпкер ретінде тіркеліп, жұмыс жүргізуден қорқатын көрінеді. Себебі – кәсіпкер болған соң салық төлеу міндеттеледі, екінші түрлі тексеріс келіп, өзі де аяққа тұра алмай отырған кәсіптің берекесін қашырады-мыс. Сол себепті мемлекеттің «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы сияқты жобалары негізінде агро туризмге жеңілдік жасалып, түрліше қолдау көрсетілсе игі.

ХАЛЫҚ ӨЗ ТҰРМЫСЫНАН
ҰЯЛАДЫ

«Беларусь елінде ауылдық туризмді Ауыл шаруашылығы министрлігі ерекше қамқорлығына алып отыр. Бізде мұндай

АГРОТУРИЗМ АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТСЕ ИГІ...



мүлде жоқ. Қауымдастық тарапынан еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат та жаздық, нәтиже болмады. Біз қазір транзитті мемлекет рөлін атқарып отырмыз. Саяхатшылардың дені Қырғыз асып, моңғол өтіп кетеді. Себебі ол жақтарда агро туризм жолға қойылған. Халық өзінде барды оларға ұсына алады. Олар туристерге ашық. Бізде осы ашықтық жоқ. Халық өз тұрмысынан өзі ұялады. Туризмде ұялу, қымсыну болмауы керек. Ашық болу керек. Біз осыны үйретеміз», — дейді Алмас Танғытұлы. Шынымен де, біздің ел уақыт өткен сайын жабық болып бара жатқанға ұқсайды. Тіпті, біз бір-біріміздің үйімізге шақырусыз барудан қалдық. Демек, жабық ұлтқа айналып бара жатырмыз. Бұл батыстың қалалық дәстүрі екенін айтады сарапшыларымыз.

Қазір туристер қала мен сол қалалардағы жайлы демалыс орындарынан гөрі ауыл аралап, ел кезіп, адамзаттың табиғи өмір сүруін көруді мақсат ететін болған. Тек біздегі демалысқұмарлар ғана әлгі жайлы қонақүй мен жұмсақ төсек, көк теңізді көру мақсатында шегара асып жатады екен. Биыл елімізге алыс-жақын шетелдерден 1,4 миллион шамасында турист саяхаттап келеді деп болжанып отыр. Бізді бағдар еткен саяхатшылар аспанмен таласқан ғимараттарды емес, даланы, табиғатты, халықтың тұрмысы мен тіршілігін көруге асық.

Туризм және спорт министрлігі Қазақстандағы ТОП-20 басым туристік аймақтың толық тізімін жариялаған екен. Арасында ауыл туризміне байланысты нысан жоқ. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, былтыр Қазақстаннан шетелге 3,5 млн турист саяхаттаған. Ал біздің елге келетіндердің саны 1 миллионға жуық. Биыл бұл көрсеткіш 1,4 миллионға дейін өседі деп жоғарыда айттық. Ал осы жерде ішкі туризмді дамытып, бір арнасын агро-туризмге қарай бағыттасақ, ұтылмай-тынымыз шындық.

«Егер агро туризмді дамытсақ, ауыл халқының өркенімізге ұмтылуы артар еді.

Жастар білімді болуға тырысады. Тіпті, мектеп жасындағы балалардың өзі бір емес, бірнеше шетел тілін өздігінен меңгеріп, ел мен жергілікті өңірлердің тарихын жаттап алады. Көрші Моңғолия мемлекетіне жасаған саяхаттарында осыған көзім жетті. Себебі олар кез келген уақытта үйге кіріп келетін шетелдіктерді жатырқамайды.



Саяхатшыларға барын ұсынып, тұрмысын еш қысылмай дәріптейтін ауыл халқы. Олармен тіл табысу балалар арқылы жүргізіледі екен. Мұндайдың бірнеше рет күесі де болдық. Ал қырғыз елінде агро туризм көдімгідей үлкен деңгейге жеткен. Кез келген жайлауға бағдарлар бекітіліп, мамандар жұмыс істеп отыр», — дейді саяхатшы, «Жалғыз жолаушы» YouTube арнасының әкімгері Санат Илияс.

БӘРІБІР ЗАҢМЕН ШЕКТЕЛЕДІ

Еліміздің туристік компаниялары Қазақстанның Туристік қызмет туралы заңына сәйкес әрекет етеді. Бұл ретте туристік операторлық қызмет атқару үшін лицензия алу қажет. Туристік операторларға лицензияны Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті және жергілікті атқарушы органдар

беруге құқылы. Kazakh Tourism ҰҚ АҚ баспасөз қызметінің хабарлауынша, тур-оператор мен турагенттің өзара әрекеті Қазақстан Республикасындағы Туристік қызмет туралы заңмен реттеледі. Ал Туризм және спорт министрлігінің жуықта болған кеңейтілген алқа мәжілісінде Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр туристік нысандардың аумағында туристерге ыңғайлы сервис жасауды тапсырды. Роман Скляр өз сөзінде туристік аймақтарда интернет пен байланыс орнату, автожол төсемінің жабынын жаңартуды жүргізу, визалық-көші-кон режимін жақсарту және туристер үшін қолайлы саяхатты қамтамасыз ету үшін Қазақстанның курорттық аймақтарына әуеспапарларының жиілігін арттыру маңызды екенін баса айтты.

ЭТНОМӘДЕНИЕТ ПЕН
АГРОТУРИЗМ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Этно туризм – бұл жергілікті халықтың салт-дәстүрімен, қолөнерімен, мәдениетімен, тұрмысымен, тарихымен және шығармашылығымен танысу. Қарапайым тілмен айтқанда, этно туризм белгілі бір ұлттың өзгешелігіне бойлап, оның өмірі мен мәдениеті туралы түсінікті кеңейту. Сонымен қатар мұндай туризм аясында

тарихты тереңірек біліп, бұған дейін саяхатшыға беймәлім шағын этностар мен олардың тұрмыс-тіршілігімен етене танысып, бірге тыныстау.

«Ғаламдық жаһандану көшіне ілесеміз деп ұлттымыздың құндылығы өзінің қадір-қасиетінен айырылып, жастарымыз салт-дәстүрімізді ескінің сарқыншағы деп қарайтын деңгейге жеттік. Біздің мемлекет осы жерде ауылды қолдаумен бірге мәдениетіміз бен ғұрпымызды да қолдау керек. Қазірауыл шаруашылығы құрылымдарына аса ірі көлемде қаражат бөлініп жатыр. Осы қаражаттың кемінде 1 пайызын болса да агро туризмге бөлсе деген ұсыныс бар. Этно мәдениет пен агро туризмді шағын ғана кәсіпорындар қолға алып жүр. Олардың қолынан аукымды шаруа келмейді. Сондықтан ұлттық компаниялар арқылы қаржылай қолдау қажет. Мемлекет кө-



мек бермесе жағдай қиын», — дейді этномәдени технологиялар жөніндегі сарапшы Алтай Тәнірберген.

Былтыр «Орталық Азияның Еуразия қоры» КҚ «Шеврон» компаниясымен серіктестесе отырып, «Байтақ жер» жобасы шеңберінде 9 ақмоалық кәсіпкерге агро және этно туризмді дамыту үшін 4-7 млн теңге шамасында екі жылға дейін пайызысыз қарыз беруді қамтамасыз етіп отыр. Шын мәнінде, бұл – үлкен қолдау. Ақмола ғана емес, мемлекет тарапынан еліміздің әр өңірінде осындай қолдау болса игі еді.

«Ұрпағымыз төрт түліктің атын білуден қалып барады. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмегеннен кейін этномәдениет пен агро туризм мүлде ойсырап қалды. Ең өкініштісі сол, бізде бұған жағдай жасалмаған. Өзім баса болып «Қара шаңырақ» жобасы негізінде этноауыл мәдениетін қалыптастырмақ оймен қала сыртына 2 бірдей бозуы тіктім. Жаз бойы қонақтардан босамадық. Қызығатындар өте көп. Тіпті, атқа мініп, серуендеп, сиыр сауып, қой бағып көргісі келетіндер де көп екен. Саяхатшылардың кейбірі тракторға отырып, комбайнмен егін орып, шөп шапқанның қызығына кенелгісі келеді екен. Бізде мұндай жағдай болмады. Қызығушы көп, қолдаушы жоқ. Әрине, кейбір жанашырлар қолындағы барымен бөлісті. Талай жерге хат та жаздық, талай есікті де қаттық. Бірақ шын мәнінде қолдау болмады. Адамдар осы күнге дейін хабарласып, этноауылдарыңызға барып демалсақ, тұсаукесер, беташар сәміздерін жасасақ деп хабарласады. Инфрақұрылымның болмауы себепті жұмысымыз алға баспады», — дейді «Қара шаңырақ» ҚБ директоры Тұрар Сәттарқызы.

Түп тарихты танып-білуге құштар туристер белгілі бір аймақтың тыныс-тіршілігімен танысып, ілкі заманнан бері жалғасып келе жатқан ұлттық мұраның ұлағатын ұғынғысы келеді. Көп көңілдегі қызығушылықтың қадесіне жарайтын көл-көсір дүние еліміздің кез келген өңірінде жетіп артылатыны анық. Аңыз мен ақиқаты аралас тарихи мекендер жүргіншілердің қызығушылығын туғызбай қоймасы анық. Бірақ мұндай тарихи орындарға бара қалсаң, не қонар орын, не түстенер жай жоқ. Сарапшыларымыздың айтып отырғаны да осы. Ең болмаса тарихи мекендердің маңына агро туризм негізінде этноауыл құру қажет. Кез кезде турист те алаңсыз ағылып келер деген пікірде олар.

АРҒЫМАҚ БАПТАП, ТАЗЫ ЖҮГІРТКЕН

Батыс Қазақстан облысында Ұлан Сайтмұхаев деген азамат тұрады. Өзі Жетісудың қазағы. Бір бойында жеті түрлі өнері бар нағыз қазақ. Наурыз мейрамы қарсаңында Ұлан Сайтмұхаевтың шаңғарында болып келдік. Ата-баба дәстүрін үзбей бүгінгі күнге дейін жалғап келе жатқан заманауи қазақ туралы толығырақ баяндап көрейік...



Ұлан Сайтмұхаевтың есімі бағыс жұрты үшін өте жақсы таныс. Ұлан қайыстан қамшы өреді, арғымақ баптап, тазы жүгіртеді. Бір қызығы, Ұлан Сайтмұхаевтың мамандығы – қаржыгер. Әдетте қаржы, экономика саласының мамандары орыстілді, қазақы ғұрыптарды қабылдай бермейтін өзге ортаның адамдары болып келетіні жасырын емес. Бірақ Ұлан Сайтмұхаевпен танысқан әр адам жоғарыдағы түсініктің шындыққа жанаспайтынын ұғады. Себебі біздің кейіпкеріміз ата дәстүрді сақтай отырып мемлекеттік қызметте жүр.

Ұланның ауласына кірген бетте көзіміз қораның қабырғасында ілулі тұрған үлкен қошқардың мүйізін түсті. Иә, көдімгі қораның қабырғасына қошқардың мүйізін іліп қойыпты. Алға қарай жүрген сәтте қораның ескінін тұсынада бұғының мүйізін ілініп тұрғанын байқап қалдық. Кейіпкерімізден мұның себебін сұрадық.

— Бұл ежелгі қазақтың дәстүрі ғой. Бұрын бабаларымыз малды қырда, жайлауда баққан. Сосын қораның төбесіне осылай сиырдың, таутекенің мүйізін іліп қоятын болған. Пәле-жала жақындамасын

деген сенімнен туған ғой. Мен де сол ежелгі дәстүр бойынша қошқар мен бұғының мүйізін іліп қойдым. Бұл жай наным-сенім ғой, — деп күледі Ұлан өзі.

Батыс жұрты Ұлан Сайтмұхаевты қамшы өретін шебер ретінде де жақсы таниды. Біздің кейіпкеріміз алты, үш таспалы қамшы өреді. Біз Ұлан ағайынды үйіне кірген бетте құлды бір музейге кіріп кеткендей әсерде болдық. Жарға түскіміз ілініпті. Оның үстіне қасқырлардың терісі мен қамшы қойылған.

— Мен ерекше бірдене ойлап таптым деп есептеймін. Бұл — көдімгі қазақтың өз ата дәстүрі. Салты. Бұл біздің қанымызда бар дүниеге ғой. Мынау — түскііз. Мұны Алматыға тапсырыс беріп жасатым. Мына бұйымды «қылқакқыш» деп атаймыз. Немесе қолан дейді. Бұл жылқының құйрығынан жасалады. Мынау — текенің мүйіздері. Осындай дүниелерді көріп-сөзнен кейін ішкі дүниеміздің талабы — ұлттық құндылықтарды жақсы көрген соң осылай безендірілген болме. Ал мынау тұрғандар — қасқырдың терісі. Бұлардың ішінде Теректі және Орда топырағынан ұсталған қасқырлардың терісі бар. Мен қасқырдың терісін бесікке де

жауып қоямын. Кішкентай қызым бесікке ұйықтайды. Үстінен қасқырдың терісімен жауып қоямыз. Біріншіден, жылы, екіншіден, ештеңе жақындамайды. Бұл да біздің бабаларымыздан келе жатқан сенім ғой, — деп атап өтті Ұлан Сайтмұхаев.

Дәл осы тұста әңгімеге Ұланның анасы Айни апай араласты. Айналайын, ұлттық құндылықтар әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қасиеттерінен тұрады. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы — тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Менің ойымша, сол құндылықтардың арқасында біз өзіміздің халықтық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Бізді кім таныса да осы қалпымызда тануы керек. Міне, осы қазақтың болмысы, бары. Мен балаларымды бір ғана нәрсемен тәрбиелеп келемін. «Тек адам болындар» деймін. Яғни, өз ұлтына сай адам бол. Ал ол үшін отбасындағы тәрбие дұрыс болуы керек. Біз өмір бойына қазақы ауылда тұрдық, балалар осы қазақылықты көріп өсті, — дейді анасы Айни Оңғарбаева.

Ұлттық болмысты дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы — тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Әкесі мен баласы, қызы мен анасы, боз-бала мен бойжеткен арасындағы жарасты қарым-қатынас — отбасындағы ұлттық дәстүрді берік тұстанудың бір жолы. Халқымыз ұлын нарға, қызын арға балап, тапталықты абысындар арасынан тапқан, жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құндылықтарды қалыптастырған.

Иә, расымен де, Ұлан ағайынды үйіне кірген адам таза қазақылықтың ортасына топ ете қалады. Бүгінгідей техниканың сан алуан түрі дамыған заманда да төрге киіз

төсеп, қамшы өретін қазақты табу қиынның қиыны. Ал Ұлан Сайтмұхаев күнделікті өмірін қазақтың ата дәстүрімен байлап тастаған.

— Тазы жүгіртемін. Бұл — менің ең сүйікті тірлігім. Аңға тазы салу деген бір ғанибет тірлік қой. Бұлар жүгіргенде ұзын болып созылып, өте әлемі жүгіреді. Оның ләззатын мен ғана түсінемін. Мынау менің «Найманкөз» атты айғырым. Өзі жорға. Мінезді жылқы. Осыны ерте-теп мініп, сенбі-жексенбі 6-7 сағатқа далаға кетемін. Ешкімнің мазасын алмаймын. Еркіндікті жақсы көремін. Дала кезіп, аңшылық құрып, кешкісін бір-ақ қайтамын, — дейді атбегілік өнерді жаны сүйетін Ұлан.

Біздің кейіпкеріміз жеті өнерді меңгерген сегіз қырлы, бір сырлы жан ғана емес. Ол — мейрімді әке, қамқор аға. Ұлан Сайтмұхаевтың қолында қазір ағасының екі баласы бар. Ағасы қайтыс болғаннан кейін оның екі баласын өз тәрбиесіне алған.

«Жетімін жылатпаған, жесірін қанғытпаған қазақпыз ғой. Өз қанымызды өзіміз тәрбиелейміз деп шештік. Балалар өз теріні біліп, қанға тартып өсуі керек», — дейді әңгімеге араласқан Айни апай.

Айни апай да мемлекеттік қызметте ұзақ жыл қызмет атқарған. Қазір зейнетте.

— Бала тәрбиесінде басты нәрсе — тіл. Егер баланы қазақ тілінде оқытып, сол тілде ойлауға үйретсең, сол ұлтқа қызмет етеді. Ол мейлі Америкада тұрса да, дәл осы қазақы қоныр тірлігін ұмытпайды. Ал енді заманауи бала өсіремін деп өзге тілде шүлдірлетіп қойсаң, шетелге кетісімен өзінің қазақ екенін ұмытып кетеді. Бала өзінің кім екенін ұмытпау үшін тамыры мығым, терең болуы керек. Ал адамның тамыры ұлттың дәстүрі мен талғамында жатыр, айналайын, — деп Айни апай бізге ақ батасын берді.

«Ұлттық құндылық» туралы әрбір азамат та тура түсінік болуы керек. Құндылықтың маңыз-мақсатын білмей тұрып құндылықтан

сөз ашу да қиын.

Дін — ол сенім, ал дәстүр — наным. Сенімге әркім «Е, солай ма екен» деп сенуге қақылы. Ал наным — бұл дәстүр, ол ұзақ уақыттық тарихтың шыңдалуынан өткен ұлттық болмыс. Сондықтан сенім-нанымның орнын басу мүмкін емес, егер сенім-нанымның орнын басар болса, ұлттық дәстүр де, ұлттың болмысы да құрдымға кеткені.

Осы пікірді біздің кейіпкеріміз де қолдап отыр. Ұлан өзі қазақтың наным-сенімдеріне қатты көңіл бөлетін азамат. Ұлттың наным-сенімі тегінен-тегі ойлап шығарылмағандеген ойын біздің кейіпкеріміз былай жалғады.

«Мына тұрған қасқырлардың терісі. Ана тұрған тауешкінің мүйізі — бәрі де наным-сенімдермен байланысты. Бұлардың бәрінің киесі бар. Ана құрылтайдың ұсын көрдіміз бе? Мұны Алматыдан арнайы алып келдім. Мен өзім мемлекеттік қызметте жүрсем де ұлттың наным-сенімдері туралы қорықпай айта беремін. Мұны дінмен шатастырмау керек. Бұл — дәстүр», — дейді.

Біз Ұлан Сайтмұхаевтың жұмыс кабинетіндегі үстел үстінен алшысынан жатқан асықтарды көрдік. Біздің кейіпкеріміздің асық пен тобық жинайтын хоббиі бар екен. Әр асық пен тобықты қайдан әкелгені туралы да ерінбей сағаттап айта алады.

Алшысынан жатқан асықтарға қарап кейіпкеріміздің қандай ырымға балағанын түсіне қойдық. Асығы алшысынан түссе, қуанатын қазақпыз ғой. Кетіп бара жатып «Асығыңыз үнемі алшысына түсін» деп жақсы тілек айттық.

Ал Ұланның анасы «Өзіне қызмет етпеген бала ұлтқа қызмет етпейді. Ал ұлтқа, Отанға қызмет ету үшін сол ұлттың жан дүниесін ұғу керек, ұлттың жан дүниесі наным-сенім мен ғұрпында жатыр» деп бізге сәттілік тіледі.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалы, Ақтөбе теміржол вокзалындағы коммерциялық қызметке арналған алаңдарды /үй-жайларды мүлкіктік жалдауға (жалға алу) беру бойынша ашық конкурсты 2024 жылғы сәуірдің 1-інде өткізуді жоспарлайды.

Жоғарыда көрсетілген байқауға қатысуға тіркелу 2024 жылдың 29 наурыз, 15 сағат 00 минутқа дейін, Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 49 үй, 5-қабат, 533-кабинеттегі мекенжайы бойынша және 8(7132)97-42-19, 97-42-05 телефоны арқылы қабылданады.

Хаттарды ашу 2024 жылдың 01 сәуірінде 15 сағат 00 минутта Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 49 үй, 2 қабат, 211 кабинет, шағын залы мекенжайында жүргізіледі.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша осы нөмірлерге хабарласуға болады: 8(7132) 97-42-05, 8(7132) 97-42-05.

Толық ақпарат «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында орналастырылған «инфрақұрылым» бөлімінің «темір жол вокзалдарында жайлар мен алаңшаларды мүлкіктік жалға беру (жалдау) тәртібі» кіші бөлімінде.

Цирк – біз мүмкін емес деп санаған дүниелерді көз алдымызда орындап, күдігімізді сейілтетін өнер түрі. Небір сиқыр көрсететін сиқыршылар мен іс-әрекеттері арқылы көпшіліктің езуіне күлкі ұялатқан сайқымазақтардың өнеріне таңғалатынымыз рас. Оны қоя тұрайық. Алаңда жан-жануарлардың тілін тауып, дегеніне көндіріп, оларды би билеуге үйреткен бапкерлердің шеберлігін айтсаңызшы. Ал әуені бағындыра білген акробаттар, соншама биіктіктегі жіңішке арқанды жүріп өтетін цирк әртістерінің шеберлігі де үлкен таңданыс тудырады.


Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Цирктің басты кейіпкері – еңсерілмейтін келергілерден өтетін, өзінің физикалық еңбегін, батылдығын көрсетіп, көрерменін қызықтыру үшін көркем образ жасайтын әртіс. Осы саланың белесін бағындырып жүрген Шымкент-цирктің кәсіби шебері Абылайхан Жандарбекұлы да «тылсым» өнерге келгеніне біраз жылдың жүзі болған. Оның адам жүрегі дауалай бермейтін салаға жастайынан қызығушылығы артқан екен. Қазақ жігіті «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы керек деген ұстаныммен жүретін әртіс цирк алаңында түрлі трюктермен қоса, ат құлағында ойнайтын шабандоздардың қатарында. Айтуынша, бұл өнерге әкесі баулыған.

«Спортка, акробатикаға деген махаббатымды оятқан адам – әкем. Сегіз жасымда циркке ерекше ықыласым ауды. Сегіз жасымнан бастап әкем мені спорт мектебіне берді. Ол мектепте арнайы акробаттар бөлімінде машықтандым. Спорт мектебін аяқтаған соң, Алматы қаласындағы Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне оқуға түсіп, төрт жыл тәжірибемді шындадым. Спорт мектебіндегі бағытым – акробатика. Әкеммен бірге жүріп, әмбебап клоун, жонглерді үйрендім», – дейді Абылайхан.

Циркте сегіз жанр бар. Солардың ішіндегі қызығушылығы басым түскені – арканда жүру. Бұл бағытты игеру ұзақ уақытты қажет етеді. Алғашында метрден басталатын жіптің биіктігі де арта береді. Цирк әртісінің айтуынша, қорқыныш сезімі әлі күнге дейін болады, ол – зандылық. Кейбір цирк әртістері сахнаға шығар алдында өздерінің қорқынышын жеңу үшін тыныштандыратын дәрі ішіп алатын көрінеді, ал бүгінгі кейіпкеріміз көрермен алдына шығатын кезде іштей сандарды кері санап, бойындағы қобалжу сезімін жеңетінін айтты. «Ең бірінші өнер көрсеткен кезде бойымды неше түрлі қорқыныш билейтін еді. Циркте жүргенде түрлі халықаралық деңгейдегі фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарға ие болдық. Бір фестивалге жүзге жуық мемлекеттен қатысушылар келеді. Сайысқа түскен кезде тек



көрсететін нөміріме емес, денсаулығым да алаңдап кетемін. Бастапқы кезде сахнаға шығар алдында қатты қобалжығанымнан дұға мен сүрелер оқып та шығатын едім. Кейде аренада қалай өнер көрсеткенімді сезбей қалушы едім. Өйткені цирк – тәуекелшілдер алаңы. Қазір бойым ондай дүниелерге әлдеқайда үйренген, түрлі фестивальдерде бак сынадым. Бәсекелестеріммен бір толқында,



бір сахнада тұрып өнер көрсетіп үйреніп қалдым. Уақыт өте келе тәжірибе де, өзіме деген сенімділік те қалыптасты», – дейді ол.

Төгілген маңдай тер мен көп қажырлы еңбекті талап ететін өнер саласында қызмет етіп жүргендердің дені – жастар. Бірі қызғушылықпен барса, енді бірі спорттың бір түрі деп тәжірибесін шыңдау үшін барады. Әңгіме етіп отырған арканда жүру өнері жұртқа керемет көңіл күй сыйлайтын болса, бір жағынан өнер көрсетуші адамның денсаулығына тигізетін зиянды тұстары да бар. Абылайхан бұл саладан бірнеше рет ат басын ары тұтып, алыстап кетсе де, уақыт өте келе өз орны циркте екенін түсінген.

«Акробаттар секірген кезде түрлі жарақаттар алуы әбден мүмкін, өзім аяғымды сындырып алған кез де болды. Сондықтан жаттығуда қателікпен жұмыс істеп, әр қимылына ерекше мән беруің керек. Біз күнде тыныс алу жолдарына жаттығу жасаймыз, таңда және кешке жасайтын міндеттелген жаттығуларымыз да бар. Егер күнделікті жаттығу жасамасаң, өзіңнің бабыңнан кетіп қаласың. Сахнада сасқалақтау, жанылысу болуы мүмкін. Мұны осы саланың болашақ мамандары кеңес деп қабылдасын. Өзім цирктен қанша кетсем де, мамандығым деген махаббатым күшті болғаны ғой. Цирк тілінде «Цирк – батпак» деген сөз бар. Оған кірген адам қайта шыға алмай қалады. Бізде де сондай нәрсе. Бұрын цирктен кетіп қалған кездерім де болды. Өзіміздің жанымыз өнерге

күштар болғандықтан, әлі күнге дейін өнерде жүрген себебіміз осы шығар» деп ойын түйді цирк әртісі.

Цирк – бағалануға тиіс өнер түрі. Италияда – 370 цирк, Ресейде – 68, көршілес Қырғызстанда жалғыз цирк бар екен. Ал елімізде бас-аяғы төрт цирк бар. Әлемнің бірқатар елдерінде болған әртіс:

«Біздің елде цирк өнеріне аса қатты көңіл бөлінеді деп айта алмаймын. Жалпы, үлкен спорт саласына дұрыс мән берілмесе, бұл салаға да аса зор көңіл бөлінгенін байқамадым. Циркте «пик» деген ұғым бар. Ең мықты әртіс қатарындағылар шетелдерде жұмыс істейді. Өйткені шетел мұндай өнерді бізге қарағанда әлдеқайда жақсырақ бағалайды. Шынымды айтсам, бүгінге дейінгі төгілген маңдай тер ақталды деп те айта алмаймын, өйткені қазір бұл сала өте ақсап тұр. Қазіргі қауым цирк тек балалар үшін деген қағидамен қатып қалған сияқты, ал циркте сіз білмейтін қанша дүние жатыр», – делі А.Жандарбекұлы. Ол қазір «тылсым» өнерге жастардың құлшынысы артып тұрған шақта циркке елеулі назар аудару керек екенін тілге тиек етті. «Өйткені цирк өнерін еліміздің



спортын да, мәдениетін де әлемдік аренада танытудың бір құралы деп айтар едім. Алдағы уақытта қазақ циркін дүниежүзіне танымал еткім келеді. Жалпы, цирк өнерінің үздіксіз дамығанын қалаймын. Себебі бұл өнердің көзге көріне бермейтін қиындығы мен машақаты көп. Жасыратыны жоқ, жастарымыз зиянды әдеттерге әуес, көпшілігі дерлік артық салмақпен күресіп жүр. Ал цирк пен спорт – денсаулықтың кепілі», – делі әртіс. Егер оған өз деңгейінде көңіл бөлінбесе, оған келетін мамандардың азайып кетуі ғажап емес. Сондықтан әлемде барлық саладан алда болуды көздесек, цирк өнерін де назардан тыс қалдырмаған абзал. Қалай дегенмен, еліміздің өнер кеңістігі келешекте тарылып қалмаса болғаны.



БІР МЕЗЕТТЕ 50 БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Жетісу облысында Наурызнаманың әр күні өзіндік ерекшелігімен, айрықша мән-мағынасымен, өзгеше сән-салтанатымен аталып өтіп жатыр. Бұрынғыларға ұқсамайтын биылғы наурыз тойының кезекті Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай Талдықорғандағы «Жастар» спорт сарайында бір мезетте 50 сәбидің тұсауы кесілді.

Қазақы салт-дәстүрге орай өмірлеріндегі алғашқы қадамын басуға талпынған талшыбықтардың тұсауын өңірдегі ардагерлер, мәдениет, өнер, әдебиет және журналистика саласының қайраткерлері, атақты спортшылар, білікті дәрігерлер мен ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер және тағы да басқа есімдер көпке танымал беделді азаматтар кесті. Облыс әкімінің өзі де арнайы келіп, қатысқан шарапатты шара осындай ауқымда елімізде алғаш рет өткізіліп отырғандықтан, Қазақстанның рекордтар кітабына енгізілді.

Ұлттық дәстүрімізге сай ізгілікті шарада бірінші кезекте алдымен бұлдіршіндерге бата берілді. Айрықша рәсімде арнайы келген «КинЭС» рекордтарды тіркеу департаментінің директоры Бақытжан Тастүлеков елімізде осындай ауқымдағы тұсаукесер алғаш рет өткізіліп отырғанын ерекше атай келе: «Осыған орай 50 баланың бір мезетте бірдей тұсаукесері өткізілгені жайлы деректің Қазақстанның рекордтар кітабына енгізілгенін растайтын сертификат табыстаймын. Балалардың жолы ашық болсын!» деп тілегін айтып, облыстық Қоғамдық даму басқармасына арнайы сертификатпен бірге

Қазақстанның рекордтар кітабының соңғы шығарылымын сыйға тартты.

Наурызнаманың осынау атаулы күні алғашқы тәй-тәй қадамын жасаған балалардың арасында талдықорғандық ұстаздар отбасы Нұржан Камиев пен Гүлнұр Дәуренбекованың да кішкентай сәбиі бар екен.

– Бір жасар баламызды бүгін осы айтулы шараға арнайы алып келдік. Екі қыздан кейін дүниеге келген ұлымызға Мұрагер деген есімді қойғанбыз. Мұрагеріміз Талдықорған қаласындағы №14 балабақшаның «Балапан» тобына барып жүр. Наурыздың онкүндігі аясында осынау аса үлкен ауқымдағы тұсаукесерде сәбіміздің өмірге алғаш қадам жасағанын жақсылыққа балап отырмыз. Ұлымыздың алдағы жолы ашық, болашағы жарқын болады деп сенеміз. Наурызды осылай он күн бойы ұлттық мазмұнда атап өту бастамасын қолдаймыз. Барша жұртшылықты Наурыз мерекесінен шын жүректен құттықтаймыз, – дейді қуаныштан толқыған ата-ана.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

НАУРЫЗ ЖЫРЫ ШЫРҚАЛАДЫ

Astana Opera Халықаралық опера академиясы ұсынатын «Наурыз – көктем» концерті аясында К.Байсейітова атындағы камералық зал сахнасында Наурыз жыры шырқалады.

Көрермендерге ұлттық мейрамның әсемдігі мен ұлылығын бейнелейтін вокалдық туындыларға толы бағдарлама аясында хорват, орыс және тәжік сынды түрлі ұлт вокалистерінің ұлттық әндері ұсынылмақ.

– Astana Opera Халықаралық опера академиясының тыңдаушылары атқарған концерттердің көбі батыс еуропа композиторларының туындыларын қамтыған болатын. Тыңдаушылардың осы жолғы курсымен, біз, сондай-ақ қазақ музыкасы бөлімін белсенді үйреніп жатырмыз. Бұл концертте мәдени-

композиторларының жүректен шыққан әсем әндері бірінен соң бірі төгілетін тойды еске түсіретін болады. Академияның шетелдік тыңдаушылары қазақ туындыларын орындайды. Бұл оларға біздің халқымызды жақынырақ тануға және оның салт-дәстүрін бағалауға мүмкіндік береді. Өйткені мәдениет – кез келген мемлекеттің төл белгісі, – делі Astana Opera Халықаралық опера академиясының атқарушы директоры Айсулу Тәни.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Наурыз жыры шырқалатын



тіміздің байлығын көрсеткіміз келеді, сондықтан біз барлығымыз ұлттық киіммен өнер көрсетеміз және сахнаны да осындай керемет стильде безендіреміз. Қазір қызу дайындық жүріп жатыр. Ерекше форматта өтетін концерт халық

«Наурыз – көктем» концерті – жанару мен гүлденуді бейнелейтін жалпы халықтық мейрамды мерекелеудегі мәдениеттер мен дәстүрлерді біріктірудің өзіндік бір нышанына айналмақ.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАЛАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ержақып ЖАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баия ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ІНДЕКСІ:

Көшіп-аудару,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:
8(711) 804-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4425
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,